**Рисунок 3. Уровень развития критического мышления**

На вопрос: «Понимаете ли Вы свои права и ответственность при использовании информации, умеете ли защитить себя от негативного контента и воспринимать

информацию этично?» утвердительный ответ дали 27 человек (23,4%), остальные (76,6%) дали отрицательный ответ (рисунок 4).




**Рисунок 4. Умение быть информационно образованными потребителями**

На вопрос: «Много ли у тебя друзей, приятелей в интернет-пространстве?» нами были получены такие результаты: «да» -

77 человек (67%), «нет» - 38 человек (33%). Результаты представлены на рисунке 5.






**Рисунок 5. Уровень развития коммуникативных навыков в интернет-пространстве**

На вопрос: «Выбери правильное определение понятию «личный бренд учителя» 86 человек (74,7%) ответили верно, 29 че-

ловек (25,3%) выбрали неверное определение (рисунок 6).



**Рисунок 6. Понимание сущности понятия «личный бренд учителя»**

На вопрос: «Считаете ли Вы, что Ваш учитель информатики владеет информационной культурой» 99 человек (86%) дали

положительный ответ, 16 человек (15%) – «затрудняюсь ответить», 0 человек (0%) – «не считаю так».



**Рисунок 7. Уровень доверия к учителю информатики как профессионалу**

На вопрос: «Обладает ли Ваш учитель информатики личным брендом?» были получены результаты: «да» - 85 человек


(74%); «нет» - 7 человек (6%); «затрудняюсь ответить» - 23 человека (20%). Результаты представлены на рисунке 8.



*Рисунок 8. Кредит доверия к учителю информатики*

На вопрос: «Имеет ли, по Вашему мнению, влияние учителя информатики на развитие у Вас информационной культуры?» 90

человек (78%) ответили утвердительно, 5 человек (4,3%) дали отрицательный ответ, остальные (17,7%) затруднились ответить.



*Рисунок 9. Влияние личного бренда учителя информатики на развитие информационной культуры у младших школьников*

## Обсуждение

Анализ ответов опросника показал, что понятие «информационная культура» было верно осознано 58 респондентами, что составляет 50,4% от общего числа респондентов.

Почти половина респондентов (49,6%) выбрали неверный ответ на вопрос о проверке достоверности информации и выявлении фейковых новостей. Ответы на

этот вопрос показали, что 20,8% респондентов уточняют информацию у родителей, 15,8% перепроверяют информацию в других источниках, 6,9% спрашивают у друзей, а 13% не проверяют информацию и не анализируют источники.

Большинство респондентов (75,6%) заявило, что не умеет задавать вопросы и искать подтверждение для информации, сравнивать разные источники и принимать информированные решения.

Примерно 23,4% респондентов понимают свои права и ответственность при использовании информации, умеют защищать себя от негативного контента и воспринимать информацию этично.

Большая часть респондентов (67%) имеет друзей и приятелей в интернет-пространстве.

74,7% респондентов правильно выбрали определение понятия «личный бренд учителя», в то время как 25,3% выбрали неверное определение.

Большинство респондентов (86%) считают, что их учитель информатики владеет информационной культурой и им доверяют как профессионалу.

74% респондентов считают, что их учитель информатики обладает личным брендом.

Примерно 78% респондентов считают, что учитель информатики оказывает влияние на развитие их информационной культуры.

Эти результаты свидетельствуют о том, что существует некоторый уровень осознания понятия информационной культуры, но все еще существует необходимость в развитии критического мышления, умении анализировать источники, защищать себя от негативного контента и принимать информированные решения. Они также указывают на влияние личного бренда учителя информатики на развитие информационной культуры у младших школьников, а также на доверие их к учителю как профессионалу. Считаем, что по данной проблеме необходима целенаправленная работа.

## Заключение

Резюмируя все вышесказанное, можно сделать вывод о том, что в науке нет общепринятого определения понятия «личный бренд учителя». В своем исследовании мы понимаем под ним сформированный уникальный образ, отражающий профессионализм, стиль пре-

подавания и общения, качества и ценности учителя.

Говоря об информационной культуре младших школьников, мы подразумеваем способность самостоятельно осуществлять поиск информации, устраняя информационный дефицит; умение взаимодействовать с информационной средой, моделировать собственное информационное поведение, прокладывая путь от неизвестного к известному; восприятие и оценку информации (умения оценивать информацию с точки зрения полноты, достоверности, солидности источника).

Исходя из полученных эмпирических результатов, можно сделать вывод, что личный бренд учителя информатики может оказывать значительное влияние на развитие информационной культуры младших школьников. Учителя информатики, обладающие личным брендом могут привлечь больше внимания младших школьников, вызвать у них большее доверие и стимулировать их интерес к информационной грамотности.

Результаты также указывают на необходимость повышения осознания младшими школьниками своих прав и ответственности при использовании информации, а также развитие навыка защиты от негативного контента и этичного восприятия информации.

Несмотря на то, что исследование не дало определенности в понимании процесса формирования личного бренда учителя информатики, авторы рекомендуют педагогам уделять большее внимание воспитанию индивидуального стиля преподавания и личного бренда, так как такой подход может существенно повысить эффективность развития у младших школьников информационной культуры.

## Список использованных источников

1. Көшкімбетова, С. А., Кенжебаев, Т. К. Мектептің оқу тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды ендіру жолдары [Мәтін]. Тараз: Тараз университеті, 2004.


2. Методические рекомендации по обучению предмета «Цифровая грамотность» в начальных классах [Текст]. – Нур-Султан: НАО имени Ы. Алтынсарина, 2022. – 192 с.
3. **Кусаинов А. К.** Роль учителя в повышении качества образования [Электронный ресурс] // <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-uchitelya-v-povyshenii-kachestva-obrazovaniya/viewer> [Дата обращения 01.09.2023]
4. **Johnson, K. M.** (2017). The importance of personal branding in social media: educating students to create and manage their personal brand. *International journal of education and social science*, 4(1), 21-27.
5. **Зейнелова А. Е., Абилова Е. Ф., Жумабаев М. М.** Имидж и персональный бренд педагога [Текст] // *Человекознание*. – 2017. – С. 18-22.
6. **Артемьев А. А., Лепехин И. А., Зайковский В. Н.** Бренддинг: значимость и эволюция развития [Текст] // *Проблемы управления социально-экономическими системами: теория и практика*. – 2020. – С. 60-65.
7. **Музыканти, В. Л.** Бренддинг. Управление брендом: учебное пособие [Текст] / В. Л. Музыканти. – Москва: РИОР : ИНФРА-М, 2021. – 316 с.
8. **Efimova, G. Z.** (2022). Professional promotion of higher school teachers in social media sites. *Monitoring Obshchestvennogo Mneniya: Ekonomicheskie i Sotsial'nye Peremeny*, (2), 317-341. <https://doi.org/10.14515/monitoring.2022.2.2120>
9. **Sedereviciute-Paciauskiene, Z.** (2018). Personal branding on Facebook: how teachers stage themselves on social media. In *INTED2018 Proceedings* (pp. 3968-3972). IATED.
10. **Labrecque, L. I., Markos, E., & Milne, G. R.** (2011). Online personal branding: Processes, challenges, and implications. *Journal of interactive marketing*, 25(1), 37-50.
- school] [Mátin] . Taraz: Taraz ýniversiteti, 2004.
2. Metodicheskie rekomendacii po obucheniyu predmeta «Cifrovaya gramotnost'» v nachal'nyh klassah [Methodological Recommendations for Teaching Digital Literacy in Primary Grades] [Tekst]. – Nur-Sultan: NAO imeni Y. Altynsarina, 2022. – 192 s.
3. **Kusainov, A. K.** Rol' uchitelya v povyshenii kachestva obrazovaniya [Elektronnyj resurs] [The role of teachers in improving the quality of education] // <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-uchitelya-v-povyshenii-kachestva-obrazovaniya/viewer> [Data obrashcheniya 01.09.2023]
4. **Johnson, K. M.** (2017). The importance of personal branding in social media: educating students to create and manage their personal brand. *International journal of education and social science*, 4(1), 21-27.
5. **Zejnellova, A. E., Abilova, E. F., Zhumabaev, M. M.** Imidzh i personal'nyj brend pedagoga [The image and personal brand of the teacher] [Tekst] // *Chelovekoznanie*. – 2017. – S. 18-22.
6. **Artem'ev, A. A., Lepekhina, I. A., Zajkovskij, V. N.** Branding: znachimost' i evolyuciya razvitiya [Branding: significance and evolution of development] [Tekst] // *Problemy upravleniya social'no-ekonomicheskimi sistemami: teoriya i praktika*. – 2020. – S. 60-65.
7. **Muzykant, V. L.** Branding. Upravlenie brendom: uchebnoe posobie [Branding. Brand Management: Tutorial] [Tekst] / V. L. Muzykant. – Moskva: RIOR : INFRA-M, 2021. – 316 s.
8. **Efimova, G. Z.** (2022). Professional promotion of higher school teachers in social media sites. *Monitoring Obshchestvennogo Mneniya: Ekonomicheskie i Sotsial'nye Peremeny*, (2), 317-341. <https://doi.org/10.14515/monitoring.2022.2.2120>
9. **Sedereviciute-Paciauskiene, Z.** (2018). Personal branding on Facebook: how teachers stage themselves on social media. In *INTED2018 Proceedings* (pp. 3968-3972). IATED.
10. **Labrecque, L. I., Markos, E., & Milne, G. R.** (2011). Online personal branding: Processes, challenges, and implications. *Journal of interactive marketing*, 25(1), 37-50.

## References

## Бастауыш сынып оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамытуға информатика пәні мұғалімінің жеке брендiнiң әсерi

**А.Р. Аспанов**

«Павлодар қаласының №11 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
Павлодар қ., Қазақстан Республикасы


 **Аңдатпа.** «Бастауыш сынып оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамытуға информатика пәні мұғалімінің жеке брендінің әсері» мақаласының авторлары қазіргі уақытта өзекті мәселені анықтайды: бүгінгі күні адам өмірін интернетсіз елестету мүмкін емес, ол онымен жұмыс істеу үшін тиісті құзыреттерсіз қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан ақпараттық мәдениетті дамытуды бастауыш мектептен бастау керек.

Мақалада зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге шолу берілген. Сондай-ақ эмпирикалық талдау жүргізілді, оның ішінде информатика мұғалімінің жеке брендінің олардың ақпараттық мәдениетін дамытуға әсері туралы бастауыш сынып оқушылардан сауалнаманы пайдалана отырып эмпирикалық деректер жинау жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері информатика мұғалімінің жеке бренді бастауыш сынып оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамытуға әсер ететінін көрсетті.

Қорытындылай келе, авторлар информатика мұғалімінің жеке брендин дамытудың маңыздылығы туралы қорытынды жасайды және оны қалыптастыру және нығайту бойынша ұсыныстар береді. Сондай-ақ информатика мұғалімінің жеке брендінің ықпалы негізінде бастауыш сынып оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамыту бойынша практикалық ұсыныстар берілген.


Бұл ғылыми мақала мектеп оқушыларының ақпараттық мәдениетін дамытуға қосылған құнды үлес болып табылады және осы мәселемен айналысатын информатика мұғалімдеріне, педагогикалық мамандарға және зерттеушілерге пайдалы болуы мүмкін.

 **Кілтті сөздер:** мұғалімнің жеке бренді, информатика мұғалімі, ақпараттық мәдениет, бастауыш сынып оқушылары.

## **The influence of the personal brand of a computer science teacher on the development of the information culture of younger schoolchildren**

**A. R. Aspanov**

Municipal state Institution «Secondary School №11 of the city of Pavlodar», Pavlodar, Republic of Kazakhstan

 **Abstract.** The authors of the article «The influence of the personal brand of a computer science teacher on the development of the information culture of younger students» explore the current problem: today a person's life is unthinkable without the Internet, which can be dangerous without the appropriate competencies to work with it. Therefore, the development of information culture should start in the elementary school.

The article presents an overview of the scientific and pedagogical literature on the research problem. An empirical analysis was also carried out, including the collection of empirical data using a survey of younger students on the impact of the personal brand of an informatics teacher on the development of their information culture.

The results of the study show that the personal brand of an informatics teacher has an impact on the development of the information culture of younger students.

As the result, the authors draw conclusions about the importance of developing a personal brand of an informatics teacher and offer recommendations for its formation

and strengthening. Practical recommendations are also given for the development of the information culture of younger students based on the influence of the personal brand of an informatics teacher.

This scientific article is a valuable contribution to the development of the information culture of schoolchildren and may be useful for computer science teachers, pedagogical specialists and researchers involved in this issue.



**Keywords:** teacher's personal brand, computer science teacher, information culture, junior schoolchildren.

*Материал поступил в редакцию 15.08.2023*

## Оқу процесінде құндылықтар тұрғысынан тарихи білімнің тәрбиелік әлеуетін арттыру негіздері

А. Архыматаева<sup>1\*</sup>, М. Алпысбес<sup>2</sup>, М. Гөкче<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Астана, Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана қ., Қазақстан Республикасы

<sup>3</sup>С. Кочман атындағы Мугла Университеті, Мугла қ., Түркия  
a.arhymataeva@uba.edu.kz



**Аңдатпа.** Оқу процесінде оқу пәнінің тәрбиелік мазмұнын құндылықтар негізінде интеграциялауға көп көңіл бөлінуде. Сондықтан қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтаудың өзектілігі артып келеді. Құндылықтар мен оларды түсінуге назар аудару тарихтың бетбұрыс кезеңдерінде ерекше маңызға ие. Біздің қазіргі ұлттық құндылықтарға жүгіну білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды қағидаттарының бірі болуға тиіс. Тарих сабақтары арқылы білім алушыларға тәрбие беру мүмкіндіктерін әр педагог оқу процесінде басшылыққа алуы тиіс. Мақалада тарих сабақтарындағы тәрбие бағыттары: азаматтық-патриоттық тәрбие беру, жалпы мәдени және рухани құндылықтарды тәрбиелеу, тарих сабақтарындағы адамгершілік тәрбие, еңбек тәрбиесі эстетикалық тәрбие, құқық тәрбиесі өлкетану материалдарымен жұмыс негізінде тарих сабағының тәрбиелік міндеттерін анықтау негіздері қарастырылған. Тарих пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мазмұнын жетілдіру бойынша құрылған жұмыс тобын құрайтын Қазақстан Республикасы өңірлеріндегі пән мұғалімдерімен сұхбат барысында оқу процесінде оқыту мақсаттары негізінде білім мазмұнының тәрбиелік әлеуетін көтерудегі мәселелер айқындалды. Мақалада зерделеу бойынша тарих сабақтарында құндылықтарды оқу мазмұнына кіріктіру, тарих сабақтарында құндылықтарды оқытуда қолданылатын әдістер, тарих сабақтарында құндылықты арттыру қозғалады.



**Кілтті сөздер:** тарихи білім, құндылықтар, тарих сабағы, құндылық білімі, ұлттық құндылықтар, рухани құндылықтар және тарихты оқыту бағдарламалары.



**Қалай дәйексөз алуға болады :**

**Архыматаева, А., Алпысбес, М., Гөкче, М.** Оқу процесінде құндылықтар тұрғысынан тарихи білімнің тәрбиелік әлеуетін арттыру негіздері [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №3. – Б. 77-87

### Кіріспе

Қазіргі мектептің алдында білім алушыларға жақсы білім беріп қана қоймай, сонымен қатар өз Отанының лайықты азаматын тәрбиелеу міндеті тұр.

XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіп-

терді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл туралы ұлы Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген [1].

Біздің еліміздің қазіргі білім беру саясаты, білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында қазіргі қоғамның сын-қатерлері жаңа кәсіби міндеттер қояды. Басым бағыттардың бірі – тәрбие болып табылады. Бұл басымдық ең алдымен сабақта жүзеге асырылуы керек. Пәндерді оқыту білім алушылардың рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін қалыптастыруға, патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға, ұлттық сана мен төзімділікті дамытуға, жалпы-адамзаттық құндылықтарды түсінуін нығайтуға, этносаралық мемлекет жағдайында қарым-қатынас жасай білуге бағытталуы тиіс. Әрине, сабақтың тәрбиелік мүмкіндіктері, ең алдымен, пәннің ерекшелігіне байланысты. Бұл тұрғыда тарих сабақтары өз елінің шынайы патриотын, адамзат жинаған мәдени-тарихи тәжірибенің зор маңызын түсінетін тұлғаны тәрбиелеуде бірқатар артықшылықтарға ие.

XX ғасыр басында Ұлт зиялысы Жүсіпбек Аймауытов адамның жан қуаттарының өсіп-жетілуінде тарих пәнінің алатын орнын былайша сипаттайды: «Осы заманғы ғылымның көбі тарихпен тікелей байланыста жатыр. Тұрмыс жүйесі, әлеумет заңы, заң, пәлсапа, әдебиет, мәдениет, өнер – бәрі тарихтан қозғайды. Әр ғылымның тарихы бар. Осы тарихтың бәрі – жалпы азамат тарихымен байланысты». «Тарихты оқып білу арқылы шәкірттерге қазіргі өмір мен өткен заманның байланыс заңдылықтарын ажырата білерлік сана туғызамыз», – дейді [2]

Қазіргі әлемнің құндылық бейнесін түсіну әлеуметтік білім берудің әлеуетін анықтайды. Гуманитарлық пәнді білу білім алушының санасында қоғамдағы өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз ететін белгілі бір құндылықтар жүйесінің қалыптасуын анықтайды. Осыған байланысты гуманитарлық білім тәрбиеден тыс берілуі мүмкін емес, кез-келген зерттелген құбылыстар, оқиғалар белгілі бір дәрежеде баланың жеке саласында танымдық және эмоционалды із қалдырады деп айтуға болады. Соңғы онжылдықтарда гуманитарлық білім беру саласында құндылық компоненттерін оның мазмұнына енгізуде белгілі бір тәжірибе

жинақталғанына қарамастан, сабақтың тәрбиелік мақсаттарын жүзеге асыру мұғалім үшін айтарлықтай қиындықтар туғызады.

Оқытудың жеке нәтижелеріне қойылатын талаптардың мазмұнын талдау олардың өзегі жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесі екенін көрсетеді, олардың ішінде: адам, мәдениет, дәстүрлер, өмір, денсаулық, табиғат, Отан, борыш, жауапкершілік, отбасы, таным, еңбек, ғылым, толеранттылық, диалог, бейбітшілік, әлем, заң, шығармашылық, демократиялық құндылықтар айқын көрсетілген. Мектептегі тарихи білімнің тәрбиелік әлеуеті адамзаттың ғасырлық тәжірибесіне негізделген. Еңбек, әскери жеңістердің қуанышы, жеңілістердің қасіреті, адамдардың ғылыми, мәдени, жеке жетістіктері, жауапкершілік, міндет, моральдың, білімнің маңызы және тағы басқалар тарихты оқытудағы нақты мысалдар мен пайымдардың таусылмайтын көзі бола алады.

«Қазақстан қоғамының қазіргі сан-сапасы өте өзгерді. Қазір жаңа буын ғана емес, жаңа толқын келді, оның талаптары мен сұраныстары да басқа, мақсат-міндеттері де әлдеқайда айқын, ұмтылыстары да ерекше. Ең алғашқы кезеңнен тарихи сабақтастық тұрғысынан жаңғыртылуы тиіс ұлттық үлгідегі алаштық құндылықтар, оның аса маңызды сабақтары біздің өмірдің айналымына әлі толық түскен жоқ, пайдалы тәлімі әлі алынған жоқ» [3]. Шын мәнінде де оқыту, білім беру деп жүріп, жастардың тәрбиесінің ақсап жатқан тұстары өте көп, сол себепті тарихты оқыту барысында оқыту материалының тәрбиелік мақсатына ерекше мән беріліп, ол білім берумен тығыз, үйлесімді байланысып жатуы тиіс.

### **Материалдар мен әдістер**

Сапалы зерттеу әдістерінің сипаттамалық әдісі қолданылды.

Зерттеу саласы Тарих пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мазмұнын жетілдіру бойынша құрылған жұмыс то-



бын құрайтын Қазақстан Республикасы өңірлеріндегі пән мұғалімдерін құрайды.

Зерттеу деректері сұхбаттың жартылай құрылымдалған түрі арқылы жиналды. Сұхбат формасы арқылы жиналған мәліметтер мазмұнды талдау әдісімен талданып, алынған нәтижелер тікелей дәйексөзбен бірге айқындалды. Сұхбат барысында тарих пәні мұғалімдерінің оқу процесінде оқыту мақсаттары негізінде білім мазмұнының тәрбиелік әлеуетін көтерудегі мәселелер айқындалды. Бұл зерттеулер құндылықтар саласындағы білім беру, тарих сабақтарында құндылықтарды оқу мазмұнына кіріктіру, тарих сабақтарында құндылықтарды оқытуда қолданылатын әдістер, тарих сабақтарында құндылықты арттыру, құндылықтарды оқыту тұрғысынан тарих оқу пәндері бойынша оқу бағдарламасының сәйкестігі, тарих сабақтарында құндылықтарды оқытуда туындайтын проблемалық тақырыптар анықтамасына сәйкес түсіндірілді.

Жаһандық проблемалар жағдайында өскелең ұрпақтың білімі барлық ұлт пен мемлекеттер үшін өте маңызды. Бұл тұрғыда тарихи білім беру рухани құндылықтарды қалыптастыру процесіне тікелей қатысады. Осылайша тарих сабақтары білім алушыларға құндылықтарды үйретуде, қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Тарих сабақтарын тек білім мен дағдылар білім алушыларға берілетін сабақ ретінде қарастыруға болмайды. Тарихтағы басымдық-бұл сабақтарда құндылықты білім алушылардың бойына барынша сіңіру. Сонымен қатар, тарих сабақтары білім алушылардың сезімдерін ескереді. Тарих сабақтарында білім алушыларға үлкендерді құрметтеу, Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам алдындағы міндеттерін орындау, Ұлтқа адалдық, өзіне деген сенімділік, толеранттылық, әділеттілік және тәуелсіздік сияқты құндылықтарды үйретуге болады. Бұл тұрғыда құнды білім берудегі тарих сабақтарының орнын білу маңызды. Осылайша, тарих білім алушылардың жеке басы мен мінезін қалыптастыруда маңызды рөл атқара алады.

## Нәтижелер

Бүгінгі таңда тарих білім беру саласына ерекше міндет жүктеп отыр, оның негізінде рухани дүниесі бай жеке тұлғаны тәрбиелеп, елін құрметтейтін адал азаматтарды дайындау қағидасы тұр.

Рухани бай адам – ізгілік пен ақиқаттың гуманистік құндылықтарын бойына сіңіріп, бейнелейтін, өз халқының мәдениетін бойына сіңірген, өзі өмір сүріп жатқан әлемге сүйіспеншілікпен қарайтын азамат. Тарих білімі білім алушылардың рухани тәрбиесіне кең мүмкіндіктер береді.

Осылайша білімдегі тәрбие білім алушылардың бойында өз елінің болашағына деген жауапкершілік сезімін қалыптастырудың маңызды факторына айналады. Өз отандастарына деген мақтаныш сезімі, жалпы адами құндылықтарды түсіну және қабылдау, тарихи немесе саяси оқиғаға жеке көзқарас орнатуға мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар, тарих сабақтары білім алушылардың айналасындағы әлемді көру, осы әлемдегі дұрыс бағытты көру, олардың рөлі мен миссиясын түсіну, өз қозғалысының мақсаттары мен мазмұнын дұрыс бағдарлау, құндылықтарға қатысты қажетті шешімдер қабылдау әдетін дамытады.

Оқу процесінде оқу пәнінің тәрбиелік мазмұнын құндылықтар негізінде интеграциялаға көп көңіл бөлінуде. Сондықтан қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтаудың өзектілігі артып келеді. Құндылықтар мен оларды түсінуге назар аудару тарихтың бетбұрыс кезеңдерінде ерекше маңызға ие. Біздің қазіргі ұлттық құндылықтарға жүгіну білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды қағидаттарының бірі болуға тиіс.

Оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсіл жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адамның өмірі мен денсаулығын, жеке тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизмді, еңбекқорлықты, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәр-

биелеуді көздейді. Бұл тәсіл білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиелеуді интеграциялауға, білім беру әдістемесін, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағытталған. Тарих сабақтары арқылы білім алушыларға тәрбие беру мүмкіндіктерін әр педагог оқу процесінде басшылыққа алуы тиіс [4].

Тарих қоғам мұрасының құндылықтарын көрсетеді. Тарих пен құндылықтар саласындағы білім арасында ерекше байланыс бар және екеуі де мұра құндылықтарына қатысты бір-бірін күшейтеді. Сапалы құнды білім алған білім алушылар қоғамның болашағын қалыптастырады және Жаңа Қазақстанның дамуына өз үлестерін қосады деп айтуға болады.

Тарих сабақтарында білім алушылар ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тарихи оқиғалар мен процестерді, Отанының рухани байлығын көтерген адамдардың тағдырын бақылайды. Өткеннің кейіпкерлерімен диалогқа түсетін білім алушылар осы тарихи кейіпкерлермен ортақ нәрсе бар ма, олар қалай әрекет ету керектігін түсініп, қалай ерекшеленетіні туралы ой қалыптастырады. Сондықтан тарих сабақтарында: «бұл оқиғаларға сіздің көзқарасыңыз қандай? Мұндай жағдайларда сіз кімді қорғайсыз? Неге екенін түсіндіре аласыз ба? мазмұнындағы сұрақтар өте маңызды. Болған тарихи оқиғалар туралы осы сұрақтарға жауап бере отырып, білім алушылар жағдайды талдауды әдетке айналдырады, қатысушылардың жағдайы мен рөлін бағалауды үйренеді. Олар білім алушылардың оқиғаларға деген жеке көзқарасын қалыптастырады, бұл өзін-өзі растау тұрғысынан өте маңызды.

Рухани тәрбие – адам тәрбиесінің негізі, ал тарих білімінің жеке тұлғаның рухани тәрбиесі жүйесінде алатын орны зор. Тарихи мұраны танып-білу, одан өткен тәжірибелерін танып-білу, әртүрлі халықтар мен жеке адамдардың рухани тәжірибелерін зерделеп, өз өмірінде қолдану рухани мәдениетті қалыптастыруға қызмет етеді. Тарих сабағында мұғалім білім алушылардың бойында адамгершілік, имандылық, этникалық мәдениет

пен тұлғалық қасиеттерді қалыптастыра алады. Бұл үдерісте тарих пәнінің мұғалімі білім алушылардың өзіндік құндылықтарын негізінде, оларға бағыт-бағдар беруі керек.

Қазіргі балалар үшін жалпы құндылықтың мәні алуан түрлі. Қазір материалдық құндылықтарға рухани құндылықтармен салыстырғанда басымдық беріледі. Жаһандану үдерісіне енген білім алушы әлемдік трендтерге ұмтылады. Мәселен, шетел тілдерінде сөйлеу, заманауи жасөспірімінің имиджі, түрлі жанрдағы әуенді тыңдау т.б. Осындай жеткіншектер арасында танымал сәнге айналған трендке айналған құндылықтарға ұмтылған балаға ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруде жалпы қоғам, ата-ана, педагогке қиындықтар туғызуы мүмкін. Сондықтан бұл мәселеден шығу үшін балаларымызды Отандық тарих пен мәдениеттің жарқын үлгілерін көрсете отырып, елге, туған жерге деген Зор мақтаныштарын қалыптастыра аламыз. Тәжірибе көрсеткенде шетелге барып білім алып жатқан жеткіншектер, елге келгенде кең байтақ жеріміздің қадірін ұғынатыны байқалады. Сондай-ақ, қазір алаш зиялыларымыз, мәдениет т.б. жайлы бірнеше Отандық кинофильмдер жарыққа шықты. Бір ғана «Досмұқасан» тобы жайлы түсірілген фильмді көре отырып, балалардың «Досмұқасан» тобының әндерін саябақтарда жаппай гитарамен шырқап отырғанының куәсі болдық. Осылайша ұлт мирасы болып табылатын ұлттық құндылықтарымызды маңызды сапаға көтере аламыз.

Біздің ойымызша, тарих мұғалімі білім алушылардың келесі қасиеттерін дамытуға ықпал етуі керек:

1. ұлттық бірегейлікті түсіну;
2. адамның тарихи өзгермелі екенін түсіндіру;
3. барлық тарихи кезеңдердің құндылығы мен ерекшелігі бар екенін түсіндіру.

Тарих пәнінің мұғалімі ең алдымен білім алушыға әр кезеңдегі адамдардың өзін-

дік мәні бойынша әртүрлі өркениеттердің құндылықтарын жасайтынын түсіндіруі керек. Бұл әр адамға тән қасиет. Жеке адамның құндылықтары осыған байланысты және әр кезеңге сәйкес болуы немесе болмауы да мүмкін. Тарих – біреу, оған берілген құндылық мыңдаған. Тарихпен бірге тәрбие білім алушылардың рухани-адамгершілік сапасының негізгі бөлігі болуы керек. Ол үшін мұғалім әр сабақта теориялық материалдың рухани аспектілеріне көңіл бөлуі керек. Білім алушылардың бойында рухани ойлауға деген ынта-жігерді қалыптастыру оңай емес, бірақ мұғалім жақсы нәтижеге жету үшін сабақ барысында тарихтағы рухани оқиғалар мен процестерге басымдық беру керек.

Тарих мақсаттарының бірі – білім алушыға өзі өмір сүретін әлеуметтік өмір туралы айту. Басқаша айтқанда, бұл білім алушының әлеуметтік өмірге бейімделуіне көмектесуі керек [5].

Өткен құндылықтарды және әртүрлі тарихи кезеңдерде өмір сүрген адамдардың рухани мәселелерін меңгерген білім алушылар өздерінің мінез-құлқы мен басқа адамдардың әрекеттерін бағалай бастайды, олардың белсенділік мотивтерін ажыратады, жеке ерекшеліктеріне назар аударады. Мұның бәрі рухани мұраттарды қалыптастыруға көмектеседі.

Рухани-адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі ретінде халықтың ұлттық мұрасы мен мәдениетінің маңызы зор.

Жалпыланған рухани сипаттамаларға көптеген басқа рухани қасиеттер кіреді. Олар:

- 1) тәртіп және жауапкершілік;
- 2) қайырымдылық және мейірімділік;
- 3) әдеп пен моральдың көптеген ережелері, мысалы, еңбекқорлық, әділдік пен парасаттылық.

Рухани қарым-қатынастардың бірегейлігі рухани тәрбиеге ерекше мән беру болып табылады. Рухани қатынастар

кең мағынада адамға деген көзқарасты, жеке тұлғаның барлық қоғамдық қатынастарын: саяси, құқықтық, эстетикалық, ғылыми, экологиялық және қоғам өмірінің басқа да әлеуметтік салаларын көрсетеді. Әлеуметтік мәдениеттің дамуы өмірдің барлық салаларына және адамдармен қарым-қатынасқа әсерін көрсетеді. Сондай-ақ адам бойындағы әлеуметтік сипаттардың дамуына, адамның іс-әрекетін кеңінен түсінуге, қоғамға белсенді қызмет етуге, гуманистік мұраттарға, қимыл-қозғалыстарды қоғамдық құндылықтармен үйлестіруге әсер етеді.

Рухани тәрбие құралдарына мыналар жатады:

- 1) білім;
- 2) мұғалімнің жеке тұлғасы;
- 3) сендіру;
- 4) білім алушылармен қарым-қатынас жасау қабілеті (педагогикалық тәсіл);
- 5) ескерту, мадақтау және жазалау әдістері [9].

Көрсетілген әдістерді қолдану білім алушылардың білім туралы түсінігіне, гуманистік мұраттарға және қозғалыстардың әлеуметтік құндылықтармен үйлесуіне әсер етті. Нәтижесінде қоғамға, белсенді қызметке дайын ұрпақ өседі. Білім алушының рухани-адамгершілік аясы мұғалімнен аса ұқыпты және тактикалық іс-әрекетті талап етеді. Білім алушының психикалық денсаулығы көп жағдайда осыған байланысты. Осы маңызды мәселеге көптеген ғалымдар мен зерттеушілердің назары білім алушыларды тәрбиелеудің әдістері мен механизмдерін зерттеуге бағытталған.

Тарих сабағында білім алушыларға қажет мінез-құлық дәстүрлі, бірақ сонымен бірге демократиялық құрылымға сәйкес бүгінгі күннің қажеттіліктеріне сай қалыптасуы керек.

Тарих сабақтарында патриотизмге тәрбиелеу, Отанға деген риясыз сүйіспен-

шілікті ояту рухани білім беру жүйесінде маңызды орын алады. Ел тарихын тәрбиелеуде білім алушылардың өз елінің ерлік беттерінің көрнекті тұлғаларымен кездесуінің маңызы зор және патриоттық сезімді терең оятуда әсерлі. Тарихшы мұғалімдердің пікірін талдау барысында сабақ барысында мұғалімдер тарихтағы әрбір кезеңнің қол жеткен табыстары мен қиындықтары, кедергілер мен кемшіліктерінің себеп-салдарын тарихи шындық тұрғысынан көрсету, тәуелсіздік үшін идеялық күресті, оның белсенді қайраткерлерін толығырақ баяндап отыру негізінде оқыту тиімділігін арттыруға барынша ден қоюды атап өтеді. Сондай-ақ, фокус-топтардағы сұхбат нәтижесінде пән мұғалімдерінің маңызды оқиғалар, тарихи тұлғалар, мәдениет жетістіктері туралы қысқаша хабарламалар дайындауда білім алушылардың әртүрлі ақпарат көздерін АКТ қолдануда белсенділік танытатынын мәлімдейді. Осылайша, оқу материалы негізінде мұғалім халықтардың, кезеңдердің, тұлғалардың рухани тәжірибесінің құндылықтарын көрсету арқылы білім алушыға тарих сабағында өзін тарихи рөлде көруге мүмкіндік беру оның өзін-өзі тәрбиелеуіне және материалды жақсы түсінуіне әсер етеді.

Тарихи тұлғалардың қызметі туралы сабақтарда, мысалы, «Қайырымдылық мақсатын көздеген, бірақ реформалары ел ішінде дүрбелең тудырған тарихи тұлға туралы не айта аласыз?», «Қызметі оң нәтиже берген, бірақ оған қатыгездікпен қол жеткізген тарихи тұлға туралы пікіріңіз қандай?» осындай сұрақтарды шешу өте оң нәтиже береді. Білім алушылар осы сұрақтарға әртүрлі жауап беру арқылы рухани құндылықтарын дамытады, өткен дәуірлердегі адамдардың іс-әрекеттерінің тарихи шарттылығы мен уәждемесін түсіну арқылы өткенге, мәдени және тарихи мұраға құрмет көрсетеді.

Тарихи білім беру процесінде мұғалім мен ата-ана руханиятының үлгісі әдебиетпен және басқа пәндермен толықтырылып, жас ұрпақтың дұрыс рухани мұраттарын қалыптастыруға көмектеседі.

Тарих сабағында адамгершілік құн-

дылықтардың келесі кезеңдерін қарастыру ұсынылады:

- 1) аксиология – білім алушылардың жоғары құндылықтарға үндеу;
- 2) гносеология – білім алушыларды жоғары құндылықтарды бағалау процесіне тарту;
- 3) танымдық – білім алушылардың жоғары құндылықтар тұрғысынан өзін және өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруы.
- 4) бағдар – адамның дүниеге, басқаларға, өзіне деген көзқарасын анықтайтын рухани өзегін анықтау;
- 5) нәтиже – адамның «Мен» құрылымын орнату механизмі

Рухани тәрбие алуан түрлі болуы керек, соның бірі – ұстаздың өз тұлғасымен тәрбиелеуі. Яғни, білім алушы үшін мұғалім асқақ тәрбие мен жоғары құндылықтың жарқын көрінісі болуы көңіл құптарлық. Тарих сабағында білім алушыларды тарихпен тәрбиелеуді ұстану ұсынылады. Білім алушылар тарихтың ең алдымен соқыр болмауға, саясаткерлердің қолындағы ойыншық болмауға үйрететінін түсінуі керек.

### Талқылаулар

Тарих пәндері білім алушылардың бойында рухани құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етуі керек:

- білім алушылардың өз елінің болашағы үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру;
- туған жерге деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін тудыру;
- білім алушылардың рухани құндылықтарын түсінуіне және қабылдауына жағдай жасау;
- білім алушыларда тарихи және саяси оқиғалармен жеке қарым-қатынасты қалыптастыру.

Болашақ ұрпақты «ақылды» және «жақсы» адамдар ретінде тәрбиелеу барлық қоғамдардың білім беру жүйелерінің негізгі мақсаты болып табылады. Тіпті білім беру жүйесі де осы екі мақсатқа негізделген.

Тарихшы-мұғалімнің міндеті – оқыту арқылы рухани қасиеттердің қалыптасуына ықпал ету, олардың рухани дамуына ықпал ету, тарихи фактілерді бағалай білу, оларды басшылыққа алу, білім алушыларға өз құндылықтарын күшпен таңудан тартынбау. Тарихи материалға сүйене отырып, мұғалім тарихи тұлғаға, адамға тән жағымды қасиеттерді бөліп көрсетуі керек, рухани құндылықтардың мазмұнын ашуы керек, сонымен бірге тарихтың жағымсыз тәжірибелерін жоққа шығармауы керек.

Тарихты оқыту басқа адамдарға деген құрметті, азаматтықты тәрбиелейді, олардың моральдық құндылықтарын қорғайды және дамытады, адамдарды тәрбиелейді.

Тарих сабағының себептері қарастырылған кезде, әдетте адамның өткенді тану, өткенді тану, өткеннен сабақ алу арқылы болашақты анықтау қабілеті сияқты себептерді тізімдеуге болады.

Тарих өткені мен бүгінгі күн сабақтастығы десек, құндылықтарды жас ұрпақ санасына жарқын бейнеде қалыптастырудағы тарих сабақтарының алатын орны бөлек. Себебі, тарих өткенінен құндылықтардың (ақиқат, бейбітшілік, махаббат, сүйіспеншілік, қайырымдылық, мейірімділік, тәуелсіздік, бостандық т.б.) пісіп, жетіліп, қанша жылдар мен ғасырларды артқа салса да өз мәні мен құнын жоғалтпай біздің кезеңімізге дейін жетіп отыруына көз жеткізе отырып, оны шынайы, абсолютті құндылық ретінде танып, қабылдауына қол жеткізіледі. Мәселе – оны өз деңгейінде түсіндіріп, көз жеткіздіріп, беру үрдісінде болып отыр. Осылай тарих сабақтары арқылы баланың құндылықты түсініп, қабылдауы жүзеге асады. Бала сабақ барысында құндылыққа бағдарланады, оқу процесінде мұндай іс-әрекеттің көрінісі білім алушының бағалау

пікірлері, рефлексия және қажет болған жағдайда өз іс-әрекеттерін тиісті түзету, өз өмірінің уақытша болашағын құру болуы мүмкін. Құрылымдық тұрғыдан құндылық қатынасы келесі компоненттер арқылы ұсынылуы мүмкін: білімдік (құндылық туралы білім), эмоционалды (жағымды эмоционалды қатынас), мәнділік (құндылықтың жеке мағынасын түсіну) және іс-әрекеттік. Құндылық қатынастарын қалыптастыру – бұл барлық белгіленген компоненттердің біртіндеп қалыптасуымен байланысты күрделі, ұзақ процесс. Құндылық қатынастарының білімі мен эмоционалды компоненттерін қалыптастыру тарих курсымен көбірек байланысты, ол білім алушының жарқын эмоционалды тәжірибесін тудыратын, білімнің, жауапкершіліктің, төзімділіктің, парыздың, отбасылық құндылықтардың және т.б. маңыздылығын көрсете алатын өткеннің тірі мысалдары мен әңгімелеріне толы [10].

Құндылық қатынастарын қалыптастыру құралдары әртүрлі болуы мүмкін, олардың таңдауы белгілі бір сабақтың мақсаты мен мазмұнымен, құндылық қатынастарының құрылымымен және оны қалыптастыру кезеңдерімен, мектеп білім алушыларының жасымен, олардың жеке мүмкіндіктерімен, мұғалімнің дайындығы мен педагогикалық стилінің ерекшеліктерімен анықталады. Тиімді әдістемелік құралдардың ішінде оқу міндеттерін, құжаттармен, көркем және публицистикалық мәтіндермен жұмыс істеуді, мұғалімнің жарқын сөзін, оқуда аудио және бейне материалдарды пайдалануды, көрнекілікті, эссе жазуды, пікірталастар өткізуді, жобалық қызметті және т.б. атауға болады.

Тарихи оқиғаларды балалар эмоциональды түрде қабылдап, түсінуі тиіс. Мысалы, көздерін жұмып елестету: «Ашаршылық дегенде көз алдарыңа қандай суреттер елес береді? Адамдардың түрінен нені көре аласыздар? Қандай сезімде болдыңыз?», бұл арқылы балалар сол жайттарды «жүрек көздерінен» өткізіп, сол тарихи дәуірдің визуалды куәгерлері болады. Ал бұл деген балаға оң әсер етудің, дұрыс көзқарас қалыптастырудың,

оң баға беруге ықпал етудің жолы. Өткен фактілерді тарихи бейнелерде қабылдау қабілетін дамыту білім алушылардың эмоционалды саласының дамуына ықпал етеді. Жарқын бейнелік презентация, бай көрнекі материал, музыкалық сүйемелдеу, әдеби шығармалар, фотосуреттер мен кино құжаттары, тарихи көздер, кинофильмдерден, мультимедиядан үзінділер, Интернет-ресурстар маңызды тарихи фактілерді тиісті қабылдауға жағдай жасайды, білім алушылардың жанашырлығын, фактілерге және өткеннің тарихи қайраткерлеріне деген жеке көзқарасын анықтауға деген ұмтылысын тудырады. Мектеп білім алушыларынан күрделі, қарама-қайшылықты құбылыстарды талдауды, олардың ұстанымдары мен басқа пікірлермен сындарлы өзара әрекеттесу дағдыларын анықтауды талап ететін проблемалық жағдайларды жасау қажет. Мұғалім білім алушыларды нақты таңдау жағдайына қойса, сонда олар өздері таңдағанын түсінеді, әр тараптың ұстанымын түсінеді. Бұл жағдайда кез-келген көзқарасты таңдауға және қорғауға емес, қарама-қайшылықты шешуге және кейіннен жауапты өзін-өзі анықтауға баса назар аударылады.

### Қорытынды

Қазіргі қоғамда балалар мен жастарды тәрбиелеу саяси және экономикалық реформа жағдайында жүзеге асырылады, оның барысында жас ұрпақтың әлеуметтік-мәдени өмірі айтарлықтай өзгерді. Бұл өскелең ұрпақтың бойында жоғары адамгершілік, моральдық-этикалық және эстетикалық қасиеттерді қалыптастыру қажеттілігін болжайды, олардың арасында патриотизм мен азаматтықтың маңызы ерекше. Қоғам тыныс-тіршілігінің барлық салаларын одан әрі позитивті қайта құру процесі рухани қағидаттарды жаңартуды, біздің тарихи құндылықтарымызды, Отанымыздың батырлық өткенін, жоғары өзін-өзі тәрбиелеуді, халықтың еркі мен азаматтық батылдығын терең білуді талап етеді. Әлемдік мәдениет және өнер ескерткіштерімен танысу - білім алушыларда жалпы мәдениет пен рухани құн-

дылықтарды тәрбиелеу үшін құнарлы негіз болып табылады. Бүгінгі таңда тарихи білім берудің басты міндеттерінің бірі – болып жатқан оқиғалар мен фактілерді объективті баяндау ғана емес, мектеп білім алушыларының өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімін, мәдени жетістіктердің мақтанышын тәрбиелеу, жоғары азаматтық пен Отан алдындағы парызын сезіну. Қазіргі жастарда патриотизм, ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін тәрбиелеу, Отанға деген сүйіспеншілікті нығайту, оның күші, ар-намысы мен тәуелсіздігі үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру үшін жасөспірімдермен жұмыс істеу тәсілдері мен әдістерін өзгерту қажет. XXI ғасырдың түлегі компьютерлер әлемінде, халықаралық ақпараттық қоғамда өмір сүреді және ақпараттық технологияларды қолдана білу оның өмірлік жетістігін анықтайды. Көптеген білім алушылар өз өмірлерін интернет желісін күнделікті пайдаланусыз елестете алмайды, оны оқу үшін де, қарым-қатынас үшін де, өздерін қызықтыратын ақпаратты іздеу үшін де пайдаланады. Олардың интернеттегі қызметін жас ұрпаққа үлкен әсер ететін әдістер мен құралдарға жүгініп, дұрыс жолға бағыттау өте маңызды. Компьютерлік технологиялар бүгінде барлық азаматтық-патриоттық жұмыстарды заманауи деңгейде жүргізуге көмектеседі.

Пән мұғалімдерімен алынған сұхбаттар нәтижесі көрсеткендей, білім алушыларды рухани жалпыадамзаттық құндылықтармен таныстыру инновациялық педагогикалық тәжірибені жалпылау негізінде мектеп білім алушыларын рухани жалпыадамзаттық құндылықтармен таныстыру әдістемесінің ерекшеліктерін негіздеу арқылы жүзеге асырылатыны айқындалды. Тарих арқылы әлемді рухани-практикалық игеру барысында адам болмысты өз құндылықтары арқылы қарастырады. Адамның әлемге қатынасының ерекшелігі: ол өзін және өзге адамдарды, тарихи оқиғаларды, қоршаған дүниедегі заттарды, құбылыстарды, процестерді махаббат, мейірімділік, әділеттілік, сұлулық, маңыздылық пайдалылық және т.б. тұрғысынан бағалап, құндылықтар арқылы қарастырумен сипатталады.

Құндылықтар әлемі – адамның рухани әрекетінің саласы, тұлғаның рухани байлығының өлшемін білдіреді, оның адамгершілік санасының, басымдылықтарының саласы, тұлға мәдениеті оның жалпыадамзаттық құндылықтарының негізінде көрінеді. Адам өмірінің өзегі-құндылықтар, ал басқа мақсаттар оған жеткізетін баспалдақтар ғана, осы қағидаға сүйенсек, қоғамның жаңару кезіндегі жаңаша көзқарастардың бірі – құндылық бағдар. Құндылыққа бағытталу- жеке тұлғаның құндылықтар жайлы білімді меңгеруі, танып-білуі нәтижесінде сол құндылықтарға қатысты қасиеттерді өз бойына жинақтау үрдісі. Рухани абсолютті құндылықтар арқылы оқыту жас ұрпақтың ізгілікті қасиеттерін ашуға, оның рухани дамуына ықпал етеді, себебі абсолютті құндылықтар тарих таразысынан өткен, уақытқа бағынбайтын, өзгермейтін, бүкіл адамзат үшін маңызы зор мәңгілік құндылықтар.

Ж. Аймауытов адам баласының мәдениет тарихынан өнердің көрнекті орын алып келгенін, өнерсіз қоғамның дамуы, рухани байлықтың молаюы мүмкін емес екендігіне тоқталып, ұлт мектептерінде әуелі кескін өнері мен әуез өнерін, яғни сурет салу, ән-күй өнерін үйретуге негіз салу керектігін, әрбір баланың өнерге деген ынтасын қозғап, өнерпаздық қабілетін тәрбиелеудің қажеттігін баса айтады. Әрбір мұғалім, сабақ беру процесінде қызықты мағлұматтармен балаларды шабыттандырып, олардың ынта-ықыласын, зейін-зердесін білімді меңгеруге бағыштауы керек дей келіп, жекелеме оқу әдістерінің тиімділігін нақтылы мысалдар келтіре отырып сөз етеді.

3. **Алпысбес, М.** Сыздарлы әрі бағдарлы мақала туралы келелі ой [Электронды ресурс] // «Білім ел» Республикалық білім беру қоғамдық-саяси газеті. URL: <https://bilimdinews.kz/?p=132377> (қаралған күні: 15.08.2023)
4. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 10 б.
5. **Gökçe, M., & Işık, H.** (2011). Orta Asya Türk tarihi konularının öğretiminde karşılaşılan sorunlar üzerine bir değerlendirme. *Turkish Studies - International Periodical For The Languages, Literature and History of Turkish or Turkic*, 6(4), 563-592.
6. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы [Электронды ресурс] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726> (қаралған күні: 01.09.2023)
7. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы [Электронды ресурс] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (қаралған күні: 05.09.2023)
8. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 Бұйрығы [Электронды ресурс] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424> (қаралған күні: 02.09.2023)
9. **Смыслов, С. В.** О некоторых методах раскрытия воспитательного потенциала уроков истории и обществознания [Текст] // *Universum: психология и образование*. – 2020. – №3 (69). – С. 15-18.
10. **Kadrimbetova, N., Mutali, A., & Kupayeva, A.** (2021). Setting Targets For The Preservation Of The Historical And Cultural Heritage Of Kazakhstan. *Review of International Geographical Education Online*, 11(5), 4978-4990. DOI: 10.48047/rigeo.11.05.373

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. **Тоқаев, Қ.** Тәуелсіздік бәрінен қымбат [Электронды ресурс] // Егемен Қазақстан газеті. URL: [https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat?fbclid=IwAR0COqzLes8bbYL2htZkwOZbGks9jhq3WArIjH7x50AFB\\_3MuQiOFSbUt5s](https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat?fbclid=IwAR0COqzLes8bbYL2htZkwOZbGks9jhq3WArIjH7x50AFB_3MuQiOFSbUt5s) (қаралған күні: 05.08.2023)
2. **Аймауытов, Ж.** Психология [Мәтін]. – Алматы: Рауан. – 1995. – 312 б.

## References

1. **Toqayev, Q.** Táyelsizdik bárinen qymbat [Independence is more precious than anything] [Elektronnyy resurs] // *Egemen Qazaqstan gazeti*. URL: [https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat?fbclid=IwAR0COqzLes8bbYL2htZkwOZbGks9jhq3WArIjH7x50AFB\\_3MuQiOFSbUt5s](https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat?fbclid=IwAR0COqzLes8bbYL2htZkwOZbGks9jhq3WArIjH7x50AFB_3MuQiOFSbUt5s) (qaralǵan kúni: 05.08.2023)

2. **Aimaýytov, J.** Psihologiya [Psychology] [Mátin]. – Almaty: Raýan. – 1995. – 312 b.
3. **Alpysbes, M.** Syndarly ári baǵdarly maqala týraly keleli oi [A good idea of a constructive and oriented article] [Elektrondy resýrs] // «Bilim el» Respýblikalyq bilim berý qoǵamdyq-saiasi gazetii. URL: <https://bilimdinews.kz/?p=132377> (qaralǵan kúni: 15.08.2023)
4. «2023-2024 oqý jylynda Qazaqstan Respýblikasynyń orta bilim berý uymdaryndaǵy oqý-tárbie protsesiniń erekshelikteri týraly» ádistemelik nusqaý hat [Letter of methodological guidance “on the peculiarities of the educational process in secondary education organizations of the Republic of Kazakhstan in the 2023-2024 academic year”]. – Astana: Y. Altynsarın atyndaǵy UBA, 2023. – 10 b.
5. **Gökçe, M., & Işık, H.** (2011). Orta Asya Türk tarihi konularının öğretiminde karşılaşılan sorunlar üzerine bir değerlendirme. Turkish Studies - International Periodical For The Languages, Literature and History of Turkish or Turkic, 6(4), 563-592.
6. «Bilimdi ult» sapaly bilim berý» ulttyq jobasyn bekity týraly Qazaqstan Respýblikasy Úkimetiniń 2021 jylǵy 12 qazandaǵy № 726 qaýlysy [Elektrondy resýrs] [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated October 12, 2021 No. 726 on approval of the national project “quality education” educated nation”] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726> (qaralǵan kúni: 01.09.2023)
7. Mektepke deingi tárbie men oqytýdyń, bastaýysh, negizgi orta, jalpy orta, tehnikalyq jáne kásiptik, orta bilimnen keingi bilim berýdiń memlekettik jalpyǵa mindetti standarttaryn bekity týraly Qazaqstan Respýblikasy Oqý-aǵartý ministriniń 2022 jylǵy 3 tamyzdaǵy № 348 buiryǵy [Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated August 3, 2022 No. 348 on approval of State mandatory standards of preschool education and training, primary, basic secondary, general secondary, technical and professional, post-secondary education] [Elektrondy resýrs] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (qaralǵan kúni: 05.09.2023)
8. Jalpy bilim berý uymdaryna arnalǵan jalpy bilim beretin pánderdiń, tańdaý kýrstarynyń jáne fakýltativterdiń úlgilik oqý baǵdarlamalaryn bekity týraly Qazaqstan Respýblikasy Bilim jáne ǵylym ministriniń 2013 jylǵy 03 sáýirdegi № 115 Buiryǵy [Order of the Minister of Education and science of the Republic of Kazakhstan dated April 03, 2013 No. 115 on approval of standard curricula of general education disciplines, elective courses and electives for general education organizations] [Elektrondy resýrs] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424> (qaralǵan kúni: 02.09.2023)
9. **Smyslov, S. V.** O nekotoryh metodah raskrytiya vospitatel'nogo potentsiala urokov istorii i obshchestvoznaniya [About some methods of revealing the educational potential of history and social studies lessons] [Tekst] // Universum: psihologiya i obrazovanie. – 2020. – №3 (69). – S. 15-18.
10. **Kadrimbetova, N., Mutali, A., & Kupayeva, A.** (2021). Setting Targets For The Preservation Of The Historical And Cultural Heritage Of Kazakhstan. Review of International Geographical Education Online, 11(5), 4978-4990. DOI: 10.48047/rigeo.11.05.373

## Основы повышения воспитательного потенциала исторического знания с точки зрения ценностей в учебном процессе

**А.Архыматаева<sup>1\*</sup>, М. Алпысбес<sup>2</sup>, М. Гокче<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Национальная академия образования имени И. Алтынсарина  
Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,  
г.Астана, Казахстан


<sup>3</sup>Университет Мугла им. С. Кочман, г. Мугла, Турция



**Аннотация.** В учебном процессе большое внимание уделяется интеграции воспитательного содержания учебных предметов на основе ценностей. Поэтому актуальность определения национальных и общечеловеческих ценностей в современных социокультурных условиях возрастает. Особое значение в поворотные моменты истории имеет сосредоточение внимания на ценностях и их понимании. Обращение к нашим современным национальным ценностям должно стать одним из важнейших принципов государственной политики в области образования. Возможности воспитания обучающихся через уроки истории должен руководствоваться каждым педагогом в учебном процессе. В статье рассмотрены



направления воспитания на уроках истории: гражданско-патриотическое воспитание, воспитание общекультурных и духовных ценностей, нравственное воспитание на уроках истории, трудовое воспитание эстетическое воспитание, правовое воспитание основы определения воспитательных задач урока истории на основе работы с краеведческим материалом. В ходе беседы с учителями-предметниками регионов Республики Казахстан, составляющими рабочую группу по совершенствованию содержания типовых учебных программ по предметам истории, были выявлены проблемы повышения воспитательного потенциала содержания образования на основе целей обучения в учебном процессе. В статье затрагивается интеграция ценностей в содержание чтения на уроках истории по изучению, методы, используемые при изучении ценностей на уроках истории, повышение ценности на уроках истории.

 **Ключевые слова:** историческое образование, ценности, уроки истории, ценностное образование, национальные ценности, духовные ценности и программы преподавания истории


## Fundamentals of increasing the educational potential of historical knowledge in terms of values in the educational process


A. Arkhymatayeva<sup>1\*</sup>, M. Alpysbes<sup>2</sup>, M. Gokce<sup>3</sup>

<sup>1</sup>National Academy of Education named after Y. Altynsarin  
Astana, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University  
Astana, Kazakhstan

<sup>3</sup>S. Kochman Mugla University, Mugla, Turkey

 **Abstract.** In the educational process, much attention is paid to the integration of the educational content of the educational subject on the basis of values. Therefore, in modern socio-cultural conditions, the relevance of the definition of national and universal values is growing. Attention to values and their understanding is of particular importance in the turning points of history. Addressing our current national values should become one of the most important principles of state policy in the field of Education. Each teacher should be guided by the educational opportunities of students through history lessons. The article discusses the directions of education in history lessons, such as civil and patriotic education, education of general cultural and spiritual values, moral education in history lessons, labor Education aesthetic education, law education, which are the basics of determining the educational tasks of history lessons on the basis of work with local history materials. During the interview with subject teachers in the regions of the Republic of Kazakhstan, who have formed a working group to improve the content of standard educational programs in history, issues of increasing the educational potential of the content of Education based on the goals of training in the educational post were identified. The article discusses the integration of values in the content of education in history lessons, methods used in teaching values in history lessons, increasing value in history lessons.

 **Keywords:** History Education, Spiritual Values, History Lesson, Value Education, National Values.

*Материал баспаға 06.09.2023 ж. келіп түсті.*

## «Қазақ тілі» пәнінен жазылым дағдысын дамыту жолдары

Ж.Қ.Балтабаева\*<sup>1</sup>, Г.М.Кенжебаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Астана қ., Қазақстан Республикасы



**Аңдатпа.** Негізгі орта білімге арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасындағы негізгі міндеттердің бірі – қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктеріне коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану деп көрсетілген. Мектеп бағдарламасында жазылымға қатысты - жоспар құру; әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру; жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну; эссе жазу; оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу; мәтіндерді түзету және редакциялау секілді жұмыс түрлері қамтылған. Сондықтан қай сыныпта болмасын, қазақ тілі сабақтарында аталған оқу мақсаттарына жетуге назар аударылады. Сабақ үдерісінде оқушылардың жазылым әрекеті бойынша дағдыларын жетілдіру белгілі бір логикалық жүйемен үздіксіз дамытылып отырылса, оқушыларды жазылым шеберлігіне төселдіру оқытудың жаңа әдістерін сауатты қолдану арқылы оқушының өзіндік шешімі мен шығармашылық ізденістеріне басымдылық берілсе, онда дара тұлғаның жазба жұмыстарына қатысты қабілеттерін, өз ой-пікірін дәйекті және сауатты жеткізудің амал-тәсілдерін меңгерудің мүмкіндігі кеңейіп, оқытудың нәтижелілігі мен тиімділігі арта түседі. Мақалада оқушылардың қазақ тілі сабағында сөйлеу әрекетінің негізгісі – жазылым дағдысын монофон, әңгімеге негізделген жазу, мәтін түйіндемесі, жүгіртпе диктант, галереялық ой шақыру секілді әдістер арқылы дамытудың жолдары қарастырылды.



**Кілтті сөздер:** «Қазақ тілі» пәні, коммуникативтік әрекеттер, жазылым дағдысы, белсенді әдістер.



**Қалай дәйексөз алуға болады:**

**Балтабаева, Ж. Қ., Кенжебаева, Г. М.** «Қазақ тілі» пәнінен жазылым дағдысын дамыту жолдары [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №3. – Б. 88-96.

### Кіріспе

Білім алушылардың жазбаша сөйлеу тілінің дамуы сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы (тыңдалым, айтылым, оқылым, тілдесім) дағды болып қалыптасады. Жазылым дағдысын дамытуда білім алушының сөздік қорының мол болуы педагогтің оқу мақсаттарын жүзеге асыруына, оқытудың нәтижелі болуына кепіл болмақ. Ал сөздік қор оқылым дағдысы арқылы қалыптасып, дамиды.

Сабақ барысында білім алушыға төрт дағдыны меңгерте отырып оқытудағы мұғалімнің жететін нәтижесінің көрсеткіші жазылым дағдысының дамуында көрінеді. Себебі білім алушының айтылым, тыңдалым, оқылым арқылы қалыптасқан біліктілігінің көрсеткіші жазылым болып табылады. «Қазақ тілі» пәнінің нәтижесі Үлгілік оқу бағдарламасына сай педагог пен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкін-

дік беретін, бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімге: «Тыңдалым және айтылым», «Оқылым», «Жазылым», «Әдеби тіл нормалары» байланысты болады. Біздің зерттеуіміз осы төрт бағдардың бастысы – оқушылардың жазылым дағдысын дамыту жолдарына арналды. Мектептегі оқушылардың жазылым дағдысы талапқа сай ма? Жазылым дағдысын қалыптастырудың қандай тиімді жолдары бар? Жазылым әрекетінің репродуктивтік және продуктивтік дағдыларын дамытуда қандай әдістер тиімді?.

Дағды – адам өзі жасаған әрекеттері арқылы бойына орнығатын қасиет. Ал жазылым продуктивті дағдылар қатарына жатады. Продуктивті дағды – тілді қолданып сөйлеу немесе жазу, яғни айтылған сөзді, хабарды қағаз бетіне түсірудің жолы. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құраймыз, сол сөйлемдерді топтастыру арқылы өз ойымызды жазбаша түрде жеткізе аламыз.

Бағдарламаға сай әр сыныпта «Қазақ тілі» пәні бойынша жазылымның түрлері қамтылып, негізгі бөлімдер деңгейіне қарай бөлімшелерге бөлінген. Ал бөлімшелер әр сынып деңгейінде күтілетін нәтижелер түрінде оқу мақсаттарын айқындайды.

Біз қарастырып отырған «Жазылым» бөлімі оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:

- өз көзқарасын білдіре отырып мәтін жазу;
- тиісті стильді пайдалана отырып, алуан түрлі тақырып бойынша мәтін жазу;
- жоспар құру;
- өзіндік стильде мәтін құру;
- тыңдалым, оқылым және аудиовизуалды материалдар негізінде шығармашылық жұмыс жазу;
- түрлі жанрда мәтін құру;
- мәтіндерді салыстыру;

- мәтіндерді түзету және түрлендіру;
- оқырманның қызығушылығын оятып, сендіріп жазу;
- эссе жазу[1].

Осы дағдыларды қалыптастыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану қажет. Сондықтан жазылым түрлерін меңгерудің жолдарын түрлендіріп отыру білім алушылардың жазылым әрекетіне қатысты дағдыларын дамытуға игі ықпал етеді.

Мақаланың мақсаты – оқушылардың жазылым түрлері бойынша жұмыс істеу дағдыларын арттыру, ол үшін әдістерді таңдап, олардың тиімділігін көрсету.

### Материалдар мен әдістер

Зерттеу «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың жазылым дағдысын дамытуға негізделген әдістер арқылы жүргізілген нәтижелерді білім беру жүйесінде қолдану ұтымдылығын анықтауға бағытталған.

Мектеп бағдарламасында әр сыныпта оқытылатын жазылым тапсырмалары көрсетілген. Мысалы, 5-сыныпта: мәтін бөлімдеріне (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) жоспар құру, хат, хабарлама, жарнаманы жанрлық ерекшеліктеріне сәйкес жазу, сюжетті суреттер негізінде әңгіме жазу, т.б. немесе 6-сыныпта әртүрлі жанрдағы мәтіндер жазу үшін жоспар құру, мінездеме, өмірбаян, құттықтауды жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай жазу, графиктік мәтін құрастыру т.б. Осылайша барлық сыныптарда жүргізілетін жазылым тапсырмалары қамтылған.

Зерттеу барысында білім алушылардың жазба жұмыстары бойынша дағдыларын жетілдіруді талдау, салыстырмалы талдау, аналитикалық зерттеулер әдістері қолданылды.

### Нәтижелер

Ғылыми еңбектерді талдай келе қазақ тілі пәнінің материалдарын оқытудың жолда-

рын заман талабына сай дамытып отыру қажеттігін түсінуге болады.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының: «Жазу жоқ кезде оқу жоқ. Оқудан жазу дүниеге бұрын келген. Оқуды жазу тудырған. ...Оқу мен жазу қатар жүреді. Оқытушылар үйретуді оқудан бастаса, әдістер оқытқанын жаздырып, жазудан бастаса, жаздырғанын, не жазғанын оқытып отыруы керек» [2, 369 -б.], – деп балаға білім берудегі оқу мен жазудың қызметін айқындап берген тұжырымы қазіргі білім берудің бағытымен сабақтасып жатыр. Олай болса, мектептегі «Қазақ тілі» пәнін оқытуда сөйлесім әрекетінің бір түрі - жазылымға басымдылық берген жөн.

Тілдік дағдыларды басшылыққа алып оқыту туралы Ж.Аймауытовтың: «Баланы тілдің әр түріне машықтандырғанда белгілі жүйе қолданылсын. Жазу, оқу тыңдаудан, сөйлеуден соң келеді, соңғылар тәжірибеден соң келеді. Сондықтан әуелі баланың көрген-білгені туралы әңгіме құрып, содан кейін оқуға, жазуға үйретілісін» [3,65-б.],- деген тұжырымы қазіргі кезде де мектептегі оқу үдерісінде мәні жоғары.

Мектептегі оқушының жазба жұмыстарын әдіскер-ғалым А.Көшімбаев: «оқушының қиял дүниесінің қазынасы, ойлау жұмысының нәтижесі» [4, 21-б.],-деп бағалаған.

Ал Ф.Абдразахова: «Жазылым әрекеті тілдік және қатысымдық тұлғалардың сыртқы таңбалық және ішкі мазмұндық қасиетімен байланыста бола келіп, олардың көзге көрінетін тұрақты, арнайы заңдылыққа бағынған жүйесі арқылы іске асып, белгілі бір хабарды жарыққа шығаруға ықпал етеді» [5,35-б.],-дей келіп, жазылым әрекетінде айтылар ой, мазмұндық ішкі бірлік, тұтастық, жүйелілік арқылы жеткізілетіндігін, сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысатындығын, сөйлесімнің мазмұны мен формасына көңіл бөлінетіндігін, қағазға жазылған ой-пікірлердің түсінікті, жүйелі, орфографиялық нормалардың, тыныс белгілерінің сауатты болуына байланысты жүзеге асатындығын санамалап көрсеткен» [5, 35-б].

Белгілі ғалым С.Мақпырұлы жазба жұмысының мақсатын «Таптаурын ойлаудан творчестволық ойлауға тәрбиелеу, өмір, қоғамдық даму, тарих, адамдық асыл қасиеттер хақында өзіндік ой түюге, азамат ретінде толғануға баулу, тіл, ой байлығын молайтудың, сезім сергектігін тәрбиелеу жолы», - деп пайымдаған [6,82-б.].

Осы мақсатқа сай жалпы білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың жазылым түрлеріне қатысты дағдыларын қалыптастыруда заман талабына сай жаңа әдістердің маңызды орын алатындығын ескеріп, жазылым түрлерінің ерекшеліктерін қалай меңгертеміз және оқушылардың жазба жұмыстары бойынша іс-әрекеттерін қалай дамытамыз деген мәселе туындайды. Аталған мәселенің шешімін айқындау біздің зерттеуіміздің жетекші идеясы болып табылады.

Мектептегі «Қазақ тілі» пәні бойынша оқушыны адамгершілікке, ізгілікке баулудың, білім алушылардың аналитикалық ойлауын дамытудың, еркін де сыни көзқарастарын қалыптастырудың, өзіндік позициясы бар тұлғаны дамытуда үлкен рөл атқаратын күрделі жұмыстың бірі – жазылым.

Әдістемелік еңбектерде жазылымның ішкі дағдылары екі топқа бөліп қарастырылған. Біріншісі – сауаттылық, ал екінші тобы – идеяны (ойды) жеткізе білуі. Идеяны жеткізе білуге қатысты дағдылар мынадай түрлерге бөлінген: 1. Стилді дұрыс таңдай білу; 2.Идеяларды жүйелі ұйымдастыра білу; 3.Мәтін түрлерінің ерекшеліктерін қолдана білу және мағынасын жеткізе білуде қажетті функцияларды пайдалана білу [ 7,9-б.]. Сондай-ақ әдістемелік құралда белгілі бір жазылым тапсырмасын толық орындаудың бірнеше қадамдары көрсетілген: 1.Әуелі жазғың келетін нәрсенің мақсатын анықтап алу (тақырып, идея, оқырман, стиль, жанр). 2.Ойыңды дұрыс жеткізуді жоспарлау. 3.Шимай нұсқасын (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру. 4.Түзету ( қателерді түзету және мазмұнын толықтыру). 5.Тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру

және түзеу). 6. Дұрыс нұсқаны (екінші немесе соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу [7,9-б.]. Жазба жұмыстарының көрсетілген қадамдары күнделікті сабақ үдерісінде ескерілуге тиісті. Өйткені алдымен жазатын мәселенің тақырыбын нақтылап, жанрын анықтау қажет. Одан соң жазатын тақырыпқа қатысты жоспар құру білім алушының өз ойын жүйелі жеткізуге мүмкіндік береді. Сол жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушы алғашқы нұсқасын жазып, келесі кезекте жазғанын қайтадан қарап, түзетеді, толықтырады. Сыныптағы білім алушылардың барлығы жазбаларын аяқтаған соң, олардың жұмыстарымен таныстыру, жазылым тапсырмасы бойынша ой бөлісу, рефлексия жүргізіледі.

Жоғарыда тоқталғанымыздай, жазылым арқылы қалыптасатын дағдыны екі топқа бөліп қарастыруға болады. Олар: сауаттылық және ойды жеткізе білу.

Білім алушы бойында **сауаттылықты қалыптастыратын дағдылар**:

1. Орфографиялық сауаттылық;
2. Каллиграфияның дұрыстығы;
3. Тыныс белгілерін дұрыс қолдану;
4. Тіл салаларын меңгеруі (фонетика, лексика, морфология, синтаксис)
5. Сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу;
6. Мәтіндегі азат жолдың қызметін білу (жаңа азат жолдан басталған, бір идеяға ғана негізделген көлемділеу жазылым бөлігі).

Білім алушы бойында **ойды жеткізе білу дағдысын** дамыту:

1. Мәтіннің стилін түсіну;
2. Мәтін түрлерінің ерекшеліктерін білу.

Білім алушының жазылым дағдысын дамытуда жас ерекшелігіне сай жазылым түрлерімен таныстырып, мәтінімен

(мазмұны, лексикасы, стилі және құрылымымен) жұмыс жасату керек. Сабақ барысында дайын мәтінді талдатуға болады, немесе мәтінді білім алушылардың өздеріне құрата отырып, талдауға болады. Білім алушы өзі құратын мәтіннің тақырыбын талқылаудан бастап, жоғарыда көрсетілген қадамдарды орындаса, оқушылар жазылымның әр түрін (хат, хабарлама, жарнама, әгіме, эссе, оның түрлері, мінездеме, өмірбаян, құттықтау, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу, мақала, аннотация, тезис, жинақы мәтін, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия) кез келген уақытта жаза білуге дағдыланады. Мысалы, тақырып алып, оның мазмұнын ашуда туындаған идеясын жоспарлай отырып, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, мәтін құрастырады. Дайындаған мәтінін түзету және тексеру кезеңінде жазылымның сауаттылығын, ондағы идеяларды бағалай отырып, өз жұмысына сыни көзбен қарап, артықшылығы мен осал тұстары туралы саралай алады. Мысалы, 5-сынып оқушысына мына оқу мақсаты бойынша «5.3.2.1.жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу» жарнама жаздыру жолдарына тоқталайық.

Әуелі *жарнама* туралы мәлімет беріледі. Жарнама сөзі (франц. *reclame*, лат. *reclamo* — жар саламын) — тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама. Белгілі бір адамдар, ұйымдар, әдебиет пен өнер шығармалары туралы хабар таратып, оларды әйгілеу.

*Жарнаманың қызметі*:

1. тауардың өтімділігін арттыру
2. коммерциялық мақсатта
3. жұртшылықты белгілі бір өніммен таныстыру
4. тілдің қолданыс аясын кеңейту

*Жарнаманың ерекшелігі:* насихаттылығы, тартымдылығы, дәлдігі, түсініктілігі, тосындылығы, көркемділігі, мазмұндылығы.

*Жарнама жазу үлгісі*

*Бірінші қадам: назарын жаулап алу.* Қазақтың болмысын аша білетін заманауи үлгідегі қазақы брендті кигіңіз келе ме? Талғамы жоғары тұтынушыға арналған бірегей, қайталанбас киім үлгілерін ұсынамыз.

*Екінші қадам: қызығушылығын ояту.* Күнделікті киюге ыңғайлы, ұлттық нақыштағы заманауи сән үлгілерін басқа еш дүкеннен кездестіре алмайсыз. Өйткені біздің дүкеннің тауары бірегей, сапа мен сәнді тамаша үйлестіре алатын тұтынушыларға арналған.

Туған күн иелеріне, зейнеткерлер мен көпбалалы аналарға 20%-дық жеңілдік қарастырылған!

Жеңілдік мерзімі: 1 қараша, сағат 10.00-19.30-ға дейін.

*Үшінші қадам:* Біздің дүкенде отандық дизайнерлердің авторлық киім үлгілері сатылымда! Біздегі киім үлгілері сапасы мен сәнділігі жағынан европалық брендтермен үзеңгі қағыстыра алады. Сәнді киімдердің әр үлгісі бір ғана данадан тігілген! Бағасы да қолжетімді.

*Төртінші қадам: әрекетке ояту:* Тапсырыс – сізден, сыйлық – бізден!

*Үлгі бойынша тапсырма:*

1.Төмендегі реттілікті сақтай отырып, жаңа сусынға жарнама мәтінін жазыңыз.

*Нұсқаулық:*

- 1) жаңа сусынның сапасы;
- 2) сусынның атауы;
- 3) сусынның дизайны (бөтелкеде ме, қорапшада ма? );

4) қарастырылатын жеңілдіктер;

5) сусынның ерекшелігі (адам ағзасына пайдасы, қолжетімділігі, т.б.).

*Бағалау критерийлері:*

- Жарнама жанрының талаптарын ескереді;
- Ұлттық киімдерді насихаттайды;
- Рәсімделуі мен құрылымын сақтайды;
- Оқырманның назарын аударатын сөз оралымдарын қолданады.

*Жазылым тапсырмаларын орындауда білім алушы:*

1. Жазғысы келетін нәрсенің мақсатын анықтап алу (тақырып, идея, оқырман, стиль, жанр) керек.
2. Ойын дұрыс жеткізу үшін жоспарлауы қажет.
3. Қағазға шимай нұсқасында (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көруі керек.
4. Түзету ( қателерді түзету және мазмұнын толықтыру).
5. Тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру және түзеу).
6. Дұрыс нұсқаны (екінші немесе соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу.

## **Талқылау**

Жазылым дағдыларын қалыптастыру үшін, ең алдымен, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятатын оқыту әдістерін таңдау маңызды.

Жалпы жазылым 4 дағдының ішінде білім алушының нәтиже көрсететін, оқытушының өнім алатын дағдысы болып табылады. Кейбіреулер табиғатынан шапшаң болады да, тілді игеруде сөйлеуден, тыңдаудан ерекше қабілеттілік танытады. Ал, біреулері қабілеттері бола тұра бет-

пе-бет сөйлесу мен тыңдауға келгенде қиындықтарға кездесіп жатады, яғни тым жай қабылдайды. Көптеген дереккөздеріне сүйенсек, жазылым дағдысы дәл осындай асықпай ойлап, баяу қимылдайтын білім алушыларға лайықты дағды екендігі көрсетілген. Олар әр сөйлеміне баса мән беріп, ерекше идеяларын жинақтап баяндауға тырысады және бұл істе керемет шеберлік танытады. Алайда, бұл шапшаң жазылымды игеріп алды деген сөз емес. Ең басты нәрсе, осы дағдыны өмірде қолдана алуы. Жазылым жұмысының сәтті шығуы ең алдымен сөздік қордың мол болуына тікелей байланысты. Сөздік қор оқылым арқылы келеді. Осы талаптар үдесінен шығу үшін қазақ тілі сабақтарында оқушылардың жазылымға қатысты дағдыларын дамытуда әдістерді түрлендіріп отырудың мәні үлкен. Өйткені түрлі әдістер арқылы жүргізілген сабақ оқушыларды қызықтырып, белсенділіктерін арттыратындығы белгілі жайт.

Тәжірибе барысында оқушылардың жазылым тапсырмаларын орындауда мынадай әдістердің тиімділігі байқалды.

5-сыныпта қолданылған *Монофон әдісі* оқушылардың белсенділігін тудырды. Бұл әдіс бойынша оқушылар барлық сөзі бір дыбыстан басталатын қысқаша әңгіме жазады. Ол қатысым иесінің (сөйлеушінің) сөйлеу стилін қалыптастырып, сөздік қорын байытады. Білім алушылар бір дыбыстан басталатын әңгіме құрастыра отырып, шығармашылық ізденіске ынталанады. Осы әдіс бойынша 5-сынып оқушысы А.-ның «Жаз» туралы сюжетті сурет негізінде жазған шағын мәтінін келтірелік: «Жерімізге жаңа жаз жетті. Жазда жер жаңарады. Жер жаңарып, жан-жануар жадырайды. Жаңбыр жырлардан жайылар жер жүзіне. Жапырақ – жаздың жүрегі. Жапырақтар жадырайды, жаудырайды жазбастан.» Оқушы әдістің талабына сәйкес бір ғана «ж» дыбысынан басталатын сөздерден тұратын өз ойынан және ақындардың өлең жолдарын пайдалана отырып, қысқа мәтін жазған.

*Әңгімеге негізделген жазу.* Бұл әдіс бойынша оқушылар мұғалім ұсынған әңгіме бойынша шақыру қағазын, хат, ашықхат,

электрондық хат, күнделік жаздыру үшін шағын топтарға немесе жұптарға бірігеді. Топ мүшелері берілген жұмыс түрлерінің бірін таңдайды. Жазу уақыты белгіленеді. Оқушылар не жазатындарын талқылап, бір-бірімен пікір алмасады. Жазып біткеннен кейін олар өз жұмыстары төңірегінде ой бөліседі. Мысалы, 6-сыныпта 1-топ оқушылары тіл мерекесі туралы айтылған әңгімені тыңдағаннан кейін шақыру қағазын жазды. 2-топ мүшелері әңгіме кейіпкерінің атынан хат жазды. 3-топтағылар әңгіменің кейіпкерінің атынан оның ата-анасына хат жазды. 4-топтағы оқушылар әңгіменің бір кейіпкеріне электрондық хат жазды.

*Жүгіртпе диктант* әдісі білім алушылардың мәтін мазмұнын есте сақтауларына, сауатты жазуға дағдыландырып, топпен жұмыс істеуге бейімдейді. Алдымен сынып бөлмесі есігінің сыртына диктант мәтіні жазылып ілінеді. Оқушылар топқа бөлініп, әр топтан бір-бірден оқушы шығып, мәтіннің өздеріне берілген бөліктерін бір сөйлемін оқиды да, жүгіріп келіп тобына айтады. Ал топ мүшелері алдын ала дайындалып, ортада жатқан параққа бір-бірінің көмегімен естігендерін жазады. Топ мүшелері осылайша сөйлемдерді оқып келіп, тобына қатесіз жеткізуі тиіс. Мәтін толық біткен соң әр топтың үзінді бойынша жазғандары тексеріледі. Мысалы, бір топ бірінші абзацты оқып, қате, дұрыс жазғандары анықталады. Келесі топтар да өздерінің жазғандарын тексереді. Солай мәтін толық біткенге дейін тексеріледі. Бұл тапсырма диктанттың бір түрі ретінде оқушыларды топтық жұмысқа, жауапкершілікке баулиды, есте сақтау мен сауатты жазу дағдыларын қалыптастырады, әрі мәтін мазмұнын есте сақтауға да әсері бар.

Оқушыларды жазба жұмыстарға үйретуде мәтін түйіндемесі әдісі де тиімді. Бұл әдісті ойды қысқа да нақты жеткізудің ұтымды үлгісі ретінде жоғары сыныптарда пайдалануға болады. Әдетте ол көбінесе жұмысқа орналасу кезінде жазылып, онда үміткер туралы барлық мәлімет толық, сонымен қатар жинақы түрде беріледі. Мәтін бойынша түйіндеме жазу да асқан шеберлікті талап етеді. Ол үшін: мәтіннің

авторы, басылып шыққан жылы сияқты негізгі мәлімет анықталады. Егер белгілі бір мәселе төңірегіндегі тақырып болса, еңбекті кімнің зерттегені, жазылған жылы беріледі; мәтін құрылымы, тақырып және тақырыпша атауы, кіріспе, мазмұны, қорытындысы беріледі; қосымша мәселе, ақпараттың барлығы алынып тасталады; негізгі ойды білдіруге қажетті терминдер ғана сақталады; мәтін жоспары жасалады; ақпарат жазылады; түйіндеме мәтіні бастапқы ресурстың 10-20% құрауы тиіс. Түйіндеме оқу материалының негізгі, ең қажетті бөлігін алып, ойды тұжырымды жеткізуде тиімді.

Білім алушылардың жазылым дағдыларын дамытудағы тиімді әдістердің бірі – *Галереяда ой шарлау*. Бұл әдісті зерттеушілер кез келген жазбаша жұмыстан кейінгі қорытынды іс-әрекеттің бір түрі, түрлі тақырыптағы топтық таныстырылым деп есептейді. Оқушылар мұғалім ұсынған мәселені талдап, сол туралы өз ойларын, көзқарастарын қорытып, жүйелеп жазады. Содан соң жұмыстар қабырғаға не тақтаға ілінеді. Білім алушылар жазылғандарды аралай жүріп, өз пікірлерін стикерге жазып қалдырады. Бұл жерде талдау әрекеті де, жазылым да жүзеге асырылады.

Шетелдік ғалым Т.Бузанның ұсынған «*Ақыл картасы*» - жинақы мәтін жаздыруда ыңғайлы әдістің бірі. Алдымен, оқушы берілген мәтінге байланысты тірек сөздерді теріп жазады, екінші қадам – мәтінде көтерілген мәселеге өзіндік пікірін білдіреді де, үшінші қадамда мәтіннен өз ойына байланысты дәлелдемелерді табады.

Сабақ кезінде интербелсенді әдістерді пайдалану оқушылардың жазба жұмыстардың түрлерін және олардың мақсатын, мазмұнын, стилі мен тілін талдау арқылы ерекшеліктерін меңгере отырып, жазылым дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

## Қорытынды

Қорыта айтқанда, білім алушылар қазақ тілі пәнін меңгеру арқылы қоғамдық

өмірге араласуға қажетті тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын жағдаяттар жүйесі негізінде дамытады; олар қазақ тілінде түрлі өмірлік жағдаяттарда еркін қарым-қатынас жасайды, өзара пікір алмасады, көзқарастарын білдіреді, өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алады; қазақ тілінде берілген кез келген ақпаратты тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады; түрлі мәтіндерді өздігінен түсініп оқиды; оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары арқылы тың идеяларын өзгелермен еркін бөліседі. Яғни білім алушылар бойында жазылым дағдысы арқылы да коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға болатындығын ғалым М. Дүйсенова: «Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі тілдің коммуникативтік және танымдық салаларының ортақ бағыттары мен тәсілдерін байланыстыратын жаңа бағыт болып табылады. Бұл бағытта оқушылардың тілді үйрену барысында оның тұжырымдамалық ерекшеліктерін ескере отырып, сөздің мағынасын қабылдау, түсіну және игеру, оны әр түрлі өмірлік жағдайларда қолдана білу, өз ойлары мен идеяларын сабақтарда жеткізе білу, коммуникативті мәселелерді шешу және тіл заңдары мен нормаларын қолдану сияқты дағдыларды қалыптастыру мәселелері бірінші орынға шығады» деп көрсетеді [8].

Сонымен қатар, жазылым дағдысының жүйелі, дұрыс қалыптасуы сабақ үдерісінде әдістерді түрлендірумен тығыз байланысты. Өйткені, әдістер білім алушылардың танымдық қызығушылығы мен дербестігін, оқу іс-әрекетіне оң көзқарасын дамытады және жаңа материалды зерделеу кезінде жақсы нәтиже беретіндігін байқатты. Жазылым түрлері қай уақытта да қоғамдық-әлеуметтік сұранысқа сай мектеп бітірушілердің міндетті түрде меңгеріп шығуы тиіс білімі мен білігінің түпкі нәтижесі болып табылатындығы анық.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу



- жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 Бұйрығы [электронды ресурсы] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008170> (қаралған күні 02.09.2023)
2. **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы [Мәтін]. – Алматы, 1992. – 448 б.
  3. **Аймауытов, Ж.** Ана тілін қалай оқыту керек? [Мәтін] // Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – Т. 6. – 384 б.
  4. **Көшімбаев, А.** Қазақ әдебиетін оқыту методикасы [Мәтін]. – Алматы: Мектеп, 1969. – 207 б.
  5. **Абдразахова, Ф. Ж.** Қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі (жоғары оқу орындарының филология факультетіне арналған): пед.ғыл.канд. авторефераты [Мәтін]. – Алматы, 2003. – 29 б.
  6. **Мақыпұлы, С.** Мәтінтану – маңызды мәселе [Мәтін]. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы баспасы, 2009. – 10 б.
  7. **Құлмағамбетова, А.** Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары: оқы-әдістемелік құрал [Мәтін]. – Астана, 2014. – 54 б.
  8. **Duysenova, M. M., Bimaganbetova, A. K., Moldabek, K., & Kenzhebekova, R. I.** (2013). Concept of training by communicative method. Life Science Journal, 10(SPL.ISSUE10), 79-84.
- and science of the Republic of Kazakhstan dated November 8, 2012 No. 500 on approval of standard curricula of primary, basic secondary and general secondary education in the Republic of Kazakhstan [elektronnyy resurs] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008170> (qaralǵan kúni 02.09.2023)
2. **Baitursynov, A.** Til taǵylymy [language lessons] [Mátin]. – Almaty, 1992. – 448 b.
  3. **Aimaýytov, J.** Ana tilin qalai oqytý kerek? [How to teach a native language?] [Mátin] // Alty tomdyq shyǵarmalar jinaǵy. – Almaty: El-shejire, 2013. – T. 6. – 384 b.
  4. **Kóshimbaev, A.** Qazaq ádebietin oqytý metodikasy [Methods of teaching Kazakh literature] [Mátin]. – Almaty: Mektep, 1969. – 207 b.
  5. **Abdrakhova, F. J.** Qazaq tilin sheteldik stýdentterge jazylım áreketi arqyly úiretu ádistemesi (joǵary oqý oryndarynyń filologiya fakultetine arnalǵan): ped.ǵyl.kand. avtoreferaty [Methods of teaching the Kazakh language to foreign students by subscription (for the Faculty of Philology of higher educational institutions)] [Mátin]. – Almaty, 2003. – 29 b.
  6. **Maqpyruly, S.** Mátintaný – mańyzdy másele [Textual science is an important issue] [Mátin]. – Almaty: «Kie» lingvoeltaný innovatsıyalq ortalyǵy baspasy, 2009. – 10 b.
  7. **Qulmaǵambetova, A.** Tildik tórt daǵdy boıynsha belsendi oqytý tapsyrmalary: oqý-ádistemelik qural [Active Learning tasks in four language skills] [Mátin]. – Astana, 2014. – 54 b.
  8. **Duysenova, M. M., Bimaganbetova, A. K., Moldabek, K., & Kenzhebekova, R. I.** (2013). Concept of training by communicative method. Life Science Journal, 10(SPL.ISSUE10), 79-84.

## References

## Пути развития навыков письма по предмету «Казахский язык».

**Ж.К.Балтабаева<sup>1</sup>, Г.М.Кенжебаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
г. Алматы, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Национальная академия образования имени И. Алтынсарина  
г. Астана, Республика Казахстан



**Аннотация.** Одной из основных задач в типовой учебной программе обновленного содержания дисциплины «казахский язык» для основного среднего образования является грамотное использование казахского языка в форме коммуникативных действий (аудирование, чтение, произношение, письмо). Школьная программа включает в себя такие виды работ, как - составление плана, составление текстов разных жанров, представление письменных работ в различных формах; написание эссе; написание компактного текста на основе читаемых и

аудируемых материалов; коррекция и редактирование текстов. Поэтому, независимо от класса, на уроках казахского языка основное внимание уделяется достижению указанных учебных целей. В процессе урока постоянно развивается определенная логическая система совершенствования навыков подписной деятельности учащихся, при грамотном применении новых методов обучения предпочтение отдается самостоятельным решениям и творческим поискам учащихся, расширяются возможности овладения навыками самостоятельной письменной работы, приемами последовательного и грамотного изложения своего мнения и результативности обучения и эффективность растет. В статье рассмотрены пути развития у учащихся навыков письма – основного из речевых действий на уроках казахского языка с помощью таких методов, как монофон, разговорное письмо, текстовое резюме, Бегущий диктант, Галерная мысль.



**Ключевые слова:** предмет “казахский язык”, коммуникативные действия, навыки письма, активные методы.

## The ways to develop writing skills in the subject of Kazakh language

Zh.K. Baltabaeva<sup>1</sup>, G.M.Kenzhebaeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University  
Almaty, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>National Academy of Education named after Y. Altynsarin  
Astana, Republic of Kazakhstan



**Annotation.** One of the main tasks in the standard curriculum of the updated content of the discipline “Kazakh language” for basic secondary education is the competent use of the Kazakh language in the form of communicative actions (listening, reading, pronunciation, writing) for life needs with recognition of its native language. The school curriculum includes such types of work as - drawing up a plan, drafting texts of different genres, presenting written works in various forms; writing essays; writing a compact text based on readable and auditable materials; correcting and editing of texts. Therefore, regardless of the class, the Kazakh language lessons focus on achieving these educational goals. In the course of the lesson, a certain logical system of improving the skills of students' subscription activities is constantly developing, with the competent application of new teaching methods, preference is given to independent decisions and creative searches of students, opportunities for mastering the skills of independent writing, methods of consistent and competent presentation of their opinions and learning effectiveness are expanding, and the effectiveness is growing. The article considers the ways of developing students' writing skills – the main speech actions in Kazakh language lessons using such methods as monophone, conversational writing, text summary, Running dictation, and Gallery thought.



**Keywords:** subject “Kazakh language”, communicative actions, writing skills, active methods.

*Материал баспаға 05.09.2023 ж. келіп түсті*

## Объективное и стимулирующее к успеху оценивание качества знаний обучающихся

Караев Ж. А.<sup>1</sup>, Кобдикова Ж. У.<sup>2</sup>, Чокушева А. И.<sup>\*3</sup>, Сагиндигов И. У.<sup>4</sup>

<sup>1,4</sup> Национальная академия образования им. И. Алтынсарина

г. Астана, Республика Казахстан

<sup>2</sup> Казахская академия спорта и туризма,

г. Алматы, Республика Казахстан

<sup>3</sup> Министерство просвещения РК, г. Астана, Республика Казахстан



**Аннотация.** В статье рассматриваются проблемы снижения качества знаний, а также вопросы обеспечения объективного оценивания знаний обучающихся. Данное исследование фокусируется на анализе системы оценивания в школах Республики Казахстан с целью выявления ее текущих недостатков и предложения путей их устранения. Одним из основных предложений является переход к критериальной системе оценивания, которая более точно учитывает цели обучения и качество знаний учеников на разных уровнях усвоения материала. Цель исследования заключается в анализе и обосновании важности модификации таксономии Блума для введения уровня “создание” в систему оценивания, что способствует развитию творческого мышления и инженерно-технологических навыков учащихся, соответствуя современным требованиям образования, включая цифровизацию и STEM-подходы. Однако, одним из основных ограничений, выявленных в исследовании, является отсутствие разработанных разноуровневых контрольно-измерительных материалов, соответствующих модифицированной таксономии Блума. Это приводит к несоответствию между целями обучения и методами оценивания. В результате, исследование делает акцент на важности связи системы оценивания с уровнем усвоения материала и соответствующими целями обучения, а также на необходимости разработки специальных контрольных материалов, способствующих развитию и мотивацию к творческому мышлению.



**Ключевые слова:** качество знаний, качество обучения, результаты обучения, диагностическая постановка цели обучения, развивающее обучение.



**Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:**

Караев, Ж. А., Кобдикова, Ж. У., Чокушева, А. И., Сагиндигов, И. У. Объективное и стимулирующее к успеху оценивание качества знаний обучающихся [Текст] // Научно-педагогический журнал «Білім». – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2023. – №3. – С. 97-108.

### Введение

Система оценивания в образовательных учреждениях является ключевым инструментом для измерения уровня знаний, навыков и компетенций учащихся. Оценка знаний играет важную роль в управлении образовательным процессом,

ориентируя учащихся на достижение образовательных целей.

Президент Республики Казахстан К. Токаев на совещании по социально-экономическому развитию страны 19 апреля 2023 года акцентировал внимание на некоторые проблемы сферы образования. От-

мечая низкое качество знаний учащихся школ, он заметил, что в стране делают упор не на качество, а на высокие показатели. Между оценкой, полученной учащимися на ЕНТ и оценкой в школе есть отличие, разница между этими оценками может составлять 30% и более, сказал глава государства [1]. Действительно, анализ показывает, что ежегодно в среднем 25-30% выпускников школ не преодолевают пороговый уровень ЕНТ, который соответствует самому низкому уровню качества – «узнавание». Такое отличие указывает на то, что в школах существует процентомания, исходящая из необъективной оценки качества знаний учащихся. Как известно, процентомания – это погоня за высокими (в процентах) количественными показателями в ущерб качеству работы. Президент страны выразил требование о переходе к объективному оцениванию уровня знаний учащихся в школах, чтобы устранить данное негативное явление. Это подчеркивает актуальность рассмотрения системы оценивания в образовании.

Цель статьи – провести анализ системы оценивания в школах Республики Казахстан с целью выявления ее текущих недостатков и предложения путей их устранения, в частности, перехода к критериальной системе оценивания, более точно учитывающей цели обучения и качество знаний учеников на разных уровнях усвоения материала.

## Материалы и методы

В данном исследовании был проведен анализ нормативных документов, определяющих систему оценивания знаний учащихся в школах Республики Казахстан, а также проведен литературный обзор, охватывающий работы В.П. Беспалько и Дж. Петти, посвященные оценочным системам и их соответствию образовательным целям. Экспертная оценка текущей системы оценивания была осуществлена с участием педагогов и исследователей, позволяя выявить недостатки и предложить усовершенствования. Исследованы

методы оценивания, приспособленные к цифровой эпохе и STEM-образованию, включая анализ современных методов, интегрированных программ и цифровых технологий. Кроме того, проанализированы методы разработки интегрированных образовательных программ, учитывая особенности STEM-подходов, для возможного внедрения в систему оценивания, обеспечивая соответствие требованиям современного обучения.

## Результаты и обсуждение

Известные дидакты [2, 3, 4, 5], а также мы в своих исследованиях [5, 6] показали, что корень зла необъективной оценки учащихся лежит в отсутствии диагностичной методики целеобразования в школах. Цель обучения должна быть поставлена диагностично, т.е. настолько точно и определено, чтобы можно было однозначно сделать заключение о степени ее реализации и достижения. Диагностичная постановка цели обучения характеризуется результатами обучения, выраженными в действиях обучающихся, которые можно точно опознать, оценить, измерить [2, 6, 7, 8].

Из словосочетания «результаты обучения, выраженные в действиях учащихся», имеющего в определении понятие диагностичной постановки цели, вытекает следующее: а) обучение должно быть организовано на основе самостоятельной познавательной деятельности учащихся; б) результаты обучения образуют иерархично зависимую структуру, так как деятельность учащихся характеризуется иерархией: репродуктивными, преобразующими и продуктивными действиями [6, 7].

Исходя из этой иерархии видов деятельности учеными определены соответствующие иерархии результатов обучения. Например, академиком В.П. Беспалько определены следующие уровни (иерархии) усвоения учебного материала: учебный, алгоритмический, эвристический и творческий уровни усвоения [2].

Наиболее известной системой целей, построенной на основе диагностической методики целеобразования, является таксономия целей обучения американского ученого Б. Блума. Система целей по Б. Блуму имеет следующие компоненты, находящиеся в иерархической зависимости друг от друга: знание → понимание → применение → анализ → синтез → оценка [5].

Б. Блум обосновал иерархично расположенную структуру целей обучения (таксономия Блума), т.е. вертикальную иерархию одного из элементов целостной методической системы обучения. Следует отметить, что таксономия целей обучения Б. Блума, разработанная в середине прошлого века, сыграла прогрессивную роль в развитии теории обучения, в целом, дидактики. В мировой практике таксономия Б. Блума служит основой планирования обучения и объективного оценивания учебных успехов обучающихся. За рубежом на основе концептуальных идей Б. Блума была разработана «теория полного усвоения» и технология обучения, реализующая данную теорию, ориентированную на результат.

Как известно, цель – это предельно конкретный, охарактеризованный качественно, образ желаемого (ожидаемого) результата, которого ученик может достигать к строго определенному моменту времени. Диагностическая постановка цели обучения предполагает, что при ее формулировании всегда существует механизм (способ), позволяющий проверить соответствие результата поставленной цели. Соотношение цели и результата определяет качество обучения. Отсюда следует, что цель и результат должны быть представлены, измерены, охарактеризованы, описаны в одних единицах, в одних параметрах [3].

Таким образом, для того, чтобы объективно оценить качество обучения, мы должны, в первую очередь, диагностично определить цели обучения, которые, в свою очередь, характеризуют ожидаемые результаты обучения.

Из-за отсутствия диагностической методики целеобразования в знаниецентрической дидактике понятие «качество обучения» трактовалось не корректно. Под качеством знания подразумевалось «процентное соотношение количества учащихся, получивших «4» и «5» к общему количеству детей в классе». Процентное соотношение общего количества учащихся к ученикам, получившим неудовлетворительные оценки – определяло «успеваемость» класса. При этом нередко ученики за правильный повтор и запоминание изучаемого материала получали «4» и «5». Получение хороших оценок зависело от настроения учителя, субъективного отношения его к тому или иному ученику. Нередко оценка становилась средством наказания детей за непослушание, чрезмерную их активность и т.п.

Эти негативные факторы явились следствием неразработанности педагогической квалиметрии знаниецентрической дидактики, отсутствия диагностического целеобразования, четких критериев оценивания. Ради справедливости, можно отметить, что в нормативных документах того времени тоже были представлены «критерии» оценивания, которые определяли за что и какое количество баллов нужно ставить в виде оценок по 5-ти балльной шкале. Например, в учебнике педагогики [9] высокие баллы «4» и «5», служащие основой определения «качества знания» учащихся в знаниевой педагогике, описаны следующим образом. «Высшим баллом «5» (отлично) оценивается глубокое и полное овладение учеником содержанием учебной программы, умение выделить теоретическое и фактическое в учебном материале, умение самостоятельно построить ответ, разъяснить высказанные определения, понятия, а также правильный стиль и литературная форма ответа». «Балл «4» (хорошо) также ставится за глубокое и полное усвоение содержание материала, за умение правильно изложить и доказать изученные понятия, правила, определения, положения. Однако ученик допускает неточности, отдельные ошибки в содержании, в форме и стиле ответа» [9].

В этих описаниях оценки отсутствует четкость, например, выражение «глубокое и полное овладение учеником содержанием учебной программы» требует детализации понятий «глубины» и «полноты» овладения содержанием учебников, отсутствует требование, касательно формирования умений учащихся по применению усвоенного содержания в различных ситуациях. Они пронизаны главным концептом знаниецентрического подхода – овладеть содержанием учебного материала. В этих критериях оценивания знаниецентрической дидактики степень овладения содержанием не привязаны к таксономии целей обучения Б. Блума, т.е. к их диагностичной постановке и к научно обоснованным описаниям классификации качеств знаний. Более того, они не выражены действиями учеников, характеризующиеся их динамичной познавательной деятельностью (репродуктивная, преобразующая, продуктивная (творческая), которых можно точно опознать, измерить и оценить. Такая расплывчатость в норме оценивания порождало произвольность как в оценках, так и в отчетах о состоянии качества знаний учащихся и, как следствие, пресловутую процентоманию в школах.

В рамках реализации проекта «обновленное содержание» Министерство образования и науки РК декларировало внедрение критериальной системы оценивания и осуществление на практике диагностичной методики целеобразования. Ожидаемые результаты ГОСО определились на основе таксономии Б. Блума.

Определение понятия «качество обучения» приобрело новый смысл в соответствии с требованиями мирового опыта. Была введена 10-балльная система оценивания. Все эти прогрессивные изменения стали решительным шагом в трансформации педагогической квалиметрии в сфере образования РК [10].

Анализ показывает, что многобалльная шкала оценивания внедрены в большинстве стран мира и является средством объективного оценивания учебных успехов обучающихся [11].

Действительно, 5-балльная система не дает возможность точно и объективно оценить знания ученика, отсюда исходит использование учителями в оценивании несуществующих в принципе оценок на подобие «3-», «3+», «4-», «4+» и т.п. При этом, как было отмечено выше, оценки ставились на основе субъективного решения учителя. Низкая степень объективности процедуры оценивания и узкий диапазон отметок привели к тому, что плохие оценки негативно повлияли на самооценку ученика и стали причиной серьезной психологической травмы учащихся.

10-балльная система оценивания предполагает гибкий подход к оценке знаний школьников, так как расширенный диапазон отметок позволяет более точно оценить знания и умения учеников. Следовательно, 10-балльная система позволяет детям чувствовать себя более комфортно. Позволяет установить более гуманные и этические взаимоотношения между всеми участниками образовательного процесса, включая родителей школ. В нормативном документе указано, что учебные достижения учащихся 2-11 классов будут оцениваться ежедневно, а первоклассникам оценки выставляться не будут. Указано также, что 10-балльную оценку можно сопоставлять с 5-балльной шкалой, где 1-3 равнозначны двойке, 4,5,6, - тройке, 7,8 – четверке, наивысшие отметки 9 и 10 – пятерке.

В нормативном документе отмечено, что обновленная (10-балльная) система оценки в РК подразумевает формативное оценивание знаний учеников по 5-ти степеням овладения материалом: 1) 1-я степень овладения материалом проявляется в узнавании нового объекта, распознавании значений, в умении установить различия и схожесть между изучаемыми темами; 2) 2-я степень овладения материалом характеризуется действиями по его воспроизведениям по памяти, однако, воспроизведение, чаще всего неосознанно; 3) Для 3-й степени характерно понимание изучаемого материала, его осознанное воспроизведение; 4) 4-я степень изучения нового материала

проявляется в применении полученных знаний в решении учебных задач с использованием примеров и образцов; 5) 5-степень – финальная, показывает, что ученик понимает изучаемый материал, может применить полученные знания в незнакомой для него ситуации [10].

Эти степени овладения материалом характеризуют ожидаемые результаты, однако, нетрудно заметить, что они полностью не соответствуют ожидаемым результатам, представленным в ГОСО и установленным на основе таксономии Б. Блума. Более того, в указанных 5-ти степенях овладения материалам характеристика степеней не описаны в действиях ученика, которых можно точно опознать, измерить и оценить. В многобалльной системе каждый балл должен охарактеризовать степень соответствия реально достигнутых результатов учащихся на основе поисково-познавательной деятельности, планируемыми целям обучения (ожидаемым результатам). Степень соответствия может иметь три уровня: низкий, средний и высокий степени соответствия.

В нормативном документе заявлено, что система оценивания в школах Республики Казахстан имеет определенную интегральную шкалу оценки знаний учеников, где каждый балл определяет уровень активности школьников, его понимание предмета, качество выполненных заданий и творческий подход к решению поставленных задач. Однако, в документе отсутствует та часть, где описывается соответствие степени овладения материалов учениками с уровнем качеств знаний учащихся. В 5-ти степенях овладения отсутствует также творческий подход к решению поставленных задач. Финальная степень – применение полученных знаний в незнакомой ситуации может служить основой творческого подхода, но не показывает творческий уровень усвоения учебного материала.

Также заявлено, что 10-балльная система оценивания позволяет ученикам самостоятельно выбирать задания для самостоятельной работы по уровням

сложности, что стимулирует учеников к учебно-познавательной деятельности. Однако на практике уровневые содержания, позволяющие достижение всех целей обучения с охватом всего диапазона таксономии не были построены. Наш опыт показал, что эти уровневые задания для самостоятельной работы действительно позволяют организацию развивающего обучения, однако уровень сложности не должен быть выбранным учениками. Необходимость получения твердого опорного знания, служащего основой для формирования навыков применения полученного знания на практике, требует прохождения учениками всех ступеней сложности уровневых заданий – от простого к более сложным. Такое деятельностно-развивающее, позволяющее достижение всего диапазона целей обучения, имеющее иерархическую структуру содержания, нами названо трехмерным содержанием образования [6,7]. Общеизвестно, что проведение формативного и суммативного контролей требует разработки сборников уровневых контрольных работ по всем предметам.

Однако ЦПИ АОО НИШ не были созданы уровневые контрольно-измерительные материалы по предметам [12].

«Диагностическое определение целей обучения и разработка материалов для объективного контроля за качеством знаний учащихся является главной задачей преодоления формализма и процентомании в школе», - утверждает академик В.П. Беспалько [2]. Более того, он обоснованно утверждает, что с ориентировкой на диагностично поставленную цель обучения в школе должен быть произведен отбор содержания во всех учебных предметах учебного плана.

Эти утверждения В.П. Беспалько и наши выводы о том, что содержание развивающего обучения, основанного на деятельностно-компетентностном подходе, имеет иерархичную структуру и должен соответствовать требованиям таксономии целей, подтверждается также выводами английского ученого-педагога Дж.

**Аннотация.** В настоящей статье рассматривается одна из важных тем современного образования - ключевые аспекты формирования социального интеллекта учащихся через стратегическое планирование.


Автором исследования утверждается, что социальный интеллект коррелирует с общей успеваемостью и адаптивностью учеников. Учебная деятельность не ограничивается усвоением знаний, но также включает в себя межличностные отношения с учителями, одноклассниками и другими учащимися. Развитие социального интеллекта может способствовать улучшению общего учебного опыта и формированию позитивных отношений с окружающими, что, в свою очередь, благоприятно сказывается на успехах в учебе и личностном развитии школьников.

Исследование социального интеллекта в условиях образовательного учреждения может проводиться с использованием различных методов и подходов. Так, в статье представлены результаты интервью с учителями, что позволило более глубоко изучить их мнения, убеждения, отношения и опыт взаимодействия с окружающими.

На основе анализа литературы, автором статьи подчеркивается, что развитие социального интеллекта – это непрерывный процесс, который требует участия всего образовательного сообщества и системного подхода к работе. Поэтому особое внимание уделено определению направлений стратегического планирования, включая интеграцию специальных программ, поддержку педагогов и использование инновационных методик.

Статья будет полезным ресурсом ученым, педагогам и экспертам в сфере образования, которые заинтересованы в формировании социального интеллекта у обучающихся.

 **Ключевые слова:** социальный интеллект, стратегический план, успешная адаптация, межличностные отношения, общественная активность, эмпатия.

 **Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:**  
**Бейсембаев, А. Р.** К социальному интеллекту учащихся через стратегическое планирование (из опыта общеобразовательной школы) [Текст] // Научно-педагогический журнал «Білім». – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2023. – №3. – С.133-142

## Введение

Тема формирования социального интеллекта учащихся через стратегическое планирование не только актуальна, но и находится в центре внимания педагогов, исследователей и образовательных лидеров, стремящихся создать учебную среду, способствующую всестороннему развитию личности учащихся.

Социальный интеллект играет существенную роль в успешной адаптации к современным вызовам и социальным изменениям. Как справедливо отмечают Сэловей П., Майер Дж. Д., «его эффективное формирование требует не только понимания ее сущности и механизмов развития, но и грамотного планирования внедрения в образовательную практику» [1].

Кроме того, социальный интеллект школьника выступает самостоятельной единицей наряду с другими видами интеллекта, и является необходимой составляющей эффективного взаимодействия индивида в социуме [2]. Чем выше социальный интеллект, тем легче человеку адаптироваться в новой обстановке, успешней осуществляется деятельность, связанная с взаимодействием с людьми. Иными словами, при высоком уровне социального интеллекта коммуникации становятся более эффективными, а интуиция развивается до высоких пределов.

Важную роль в развитии социального интеллекта учащихся играет школа, так как образовательное учреждение является местом, где ученики не только учатся академическим знаниям, но и формируются как личности, общаются с другими

людьми и взаимодействуют в социальных группах [3].

Одним из способов формирования социального интеллекта в общеобразовательной школе является стратегическое планирование. Его актуальность при формировании социального интеллекта учащихся обусловлена рядом существенных факторов, которые сегодня стоят перед системой образования и обществом в целом:

- современные социальные изменения.

Быстро меняющееся информационное общество требует от выпускников не только знаний и навыков, но и способности эффективно взаимодействовать с разнообразными людьми, адаптироваться к новым ситуациям и принимать конструктивные решения [2].

- социально-экономические требования.

Современные работодатели ценят сотрудников, способных эффективно работать в коллективе, быть толерантными к разнообразию мнений и культур, что подчеркивает важность развития социального интеллекта [2].

- повышение социальной компетентности.

В условиях растущей социокультурной диверсификации и межкультурного взаимодействия, развитие социального интеллекта становится важной задачей, способствующей более успешной адаптации и благополучной жизни в современном мире [4].



- межличностные отношения и общественная активность.

Умение эффективно общаться, сотрудничать, решать конфликты и влиять на окружающих становятся ключевыми навыками, способствующими лидерству, активному участию в общественной жизни и успешной карьере [4].

- обеспечение личностной гармонии.

Способность к пониманию своих и чужих эмоций, умение управлять ими и строить здоровые отношения способствует более гармоничному развитию личности и повышению качества жизни [4].

Иными словами, формирование социального интеллекта у школьника – одна из актуальных проблем, которую должна решить современная школа, и вышеперечисленные факторы подчеркивают не только актуальность, но и неотложность внедрения стратегического планирования при формировании социального интеллекта в общеобразовательной школе.

### Материалы и методы

В процессе формирования социального интеллекта учащихся посредством стратегического планирования мы использовали несколько методов, позволяющих оценить эффективность проводимого нами исследования.

Во-первых, анализ научной литературы.

Проведение обзора современных исследований, статей, книг и других источников, посвященных вопросам социального интеллекта в образовательных учреждениях, позволило оценить текущее состояние знаний в данной области и выделить актуальные подходы.

Во-вторых, проведение эмпирического исследования, а именно интервьюирования педагогов и администрации одной из общеобразовательных школ г. Павлодара, что позволило получить первичные данные о текущей работе по формированию социального интеллекта, оценить

потребности и ожидания интервьюируемых с целью разработки стратегического плана по формированию социального интеллекта учащихся.

В интервью приняло участие 8 учителей школы и 3 педагога, занимающих административные должности.

Сочетание нескольких методов исследования позволило нам получить объективный анализ процесса формирования социального интеллекта учащихся через стратегическое планирование, выявить его преимущества и недостатки, а также предложить пути оптимизации и совершенствования данного процесса.

### Результаты

Анализ научной литературы позволил выделить ряд ключевых направлений и подходов к данной проблематике. Так, в направлении интеграции социального интеллекта в образовательные программы представляют интерес работы Суниты С., исследующего влияние кооперативного обучения на развитие социального интеллекта и лидерских навыков старшеклассников [5], и Мосса Ф., Ханта Т. доказывающих целесообразность использования подхода к интеграции эмоционального интеллекта в учебный процесс с целью развития социальной компетентности обучающихся [6].

При изучении роли педагогов в развитии социального интеллекта для нас ценными являются труды Ортиза А., описывающего методы, применяемые педагогами для развития социального интеллекта у детей младшего школьного возраста [7], и Славина Р. Е., рассматривающей подходы к формированию социального интеллекта через образовательный процесс и роли педагогов в этом процессе [8].

Анализируя труды ученых по методике развития социального интеллекта, следует выделить исследования Гоулмана Д. о роли социального интеллекта в успехе и развитии личности, включая образовательную среду [9], а также Уэйзенберга

М. о методах развития навыков эмпатии и понимания других людей, что способствует развитию социального интеллекта [10].

В направлении оценки и измерения социального интеллекта значимыми являются работы Мараховской Н. В. о методике оценки социального интеллекта и ее применении в образовательных контекстах [11] и Сэловей П., Майера Д. о разработке и применению теста на измерение социального интеллекта [1].

Большое значение в нашей работе имеют научные труды Сейтенова А.С., Аубакировой Р.Ж., которые акцентируют внимание на важности стратегического планирования в контексте развития социального интеллекта детей [12], Смит Д., в исследовательской работе которой проведен анализ стратегического планирования в рамках одной школы с целью поддержки социального интеллекта учащихся, выделены успешные подходы и препятствия в реализации данной стратегии в практической деятельности [13], Брауна Д., рассматривающего стратегическое планирование развития социального интеллекта в высшем образовании как новый парадигмальный подход и описывающего успешные программы интеграции социального интеллекта в учебные планы [14].

Кроме того, нами было проведено интервью с педагогами и администрацией школы. Интервьюируемым были заданы следующие вопросы:

1. Каковы этапы модели формирования социального интеллекта в образовательном учреждении?
2. Какие факторы вы видите как основные при определении стратегии формирования социального интеллекта в образовательном учреждении?
3. Какие вызовы и трудности могут возникнуть при внедрении стратегического планирования для формирования социального интеллекта в учебно-воспитательный процесс?

4. Какие ключевые шаги и этапы включает в себя стратегическое планирование формирования социального интеллекта?

5. Какова роль педагогов и администрации в успешной реализации стратегии формирования социального интеллекта?

6. Как вы оцениваете влияние формирования социального интеллекта на академические достижения учащихся и их поведение в учебно-воспитательном процессе?

7. Какие методики и инструменты вы используете для измерения эффективности стратегии формирования социального интеллекта?

8. Какими успешными практиками в формировании социального интеллекта через стратегическое планирование вы можете поделиться?

При ответе на первый вопрос все 11 респондентов ответили, что реализация модели формирования социального интеллекта в образовательном учреждении состоит из нескольких этапов, однако перечислить их затруднились 9 человек, среди которых было 2 члена администрации.

Два респондента ответили, что начальный этап включает в себя «*проведение диагностики уровня сформированности социального интеллекта учащихся с помощью специальных тестов, опросников, наблюдений и других методов, что позволит определить стартовый уровень социального интеллекта каждого ученика и выявить области, которые требуют дополнительной работы*».

Также оба респондента одним из этапов назвали «*обучение социальным навыкам посредством специальных уроков и тренингов, направленные на формирование навыков успешной коммуникации, эмоциональной грамотности, эмпатии, решению конфликтов, лидерству*».

Один из респондентов выделил такие этапы как «оценка и обратная связь», которые предусматривают постоянное отслеживание прогресса и оценка уровня сформированности социального интеллекта учащихся, а также этап реализации поддержки и создание поддерживающей среды, обеспечивающиеся через позитивный менторинг, антибуллинговые программы, инклюзивные практики и поддержку социальных и эмоциональных потребностей учащихся.

Однако следует отметить, что никто из респондентов не выделил такие этапы, как интеграция в учебный процесс, взаимодействие с родителями, практика в обществе.

На вопрос «Какие факторы вы видите как основные при определении стратегии формирования социального интеллекта в образовательном учреждении?» каждый респондент назвал от одного до трех факторов, среди которых *«учет потребностей современного общества, где социальные навыки играют важную роль в межличностных и профессиональных взаимодействиях»; «забота о психологическом состоянии учащихся, укрепление их эмоциональной стабильности и уверенности в себе», «учет культурных, социальных и индивидуальных различий среди учащихся для более эффективного обучения и развития»; «соответствие формирования социального интеллекта потребностям будущего рынка труда».*

Тем не менее, никто из интервьюируемых не указал о таком важном факторе, как сотрудничество с родителями для согласования индивидуальной стратегии формирования социального интеллекта учащегося.

На вопрос «Какие вызовы и трудности могут возникнуть при внедрении стратегического планирования для формирования социального интеллекта в учебно-воспитательный процесс?» респонденты ответили следующим образом: *«педагоги должны овладеть новыми методами и подходами для интеграции*

*проблем формирования социального развития в учебные планы»; «учителя должны вооружиться специальными знаниями для преодоления сопротивления и недопонимания со стороны части образовательного сообщества».*

При этом, на наш взгляд, не прозвучали в ответах респондентов такие вызовы, как потребность сотрудничества с родителями для успешной реализации стратегии, необходимость наличия методологии и стандартов для измерения уровня сформированности социального интеллекта учащихся.

Ответы интервьюируемых на вопрос «Какие ключевые шаги и этапы включает в себя стратегическое планирование формирования социального интеллекта?» были исчерпывающими: *«изучение потребностей участников педагогического процесса (учащиеся, учителя, родители)»; «определение целей и задач для формирования социального интеллекта»; «нужно разработать учебные планы интегрированного характера»; «определить основные методы оценки и мониторинга сформированности социальных компетенций у учащихся»; «разработать обучающие программы, практикоориентированные задания».*

Обстоятельные, глубокие ответы были получены нами и на вопрос «Какова роль педагогов и администрации в успешной реализации стратегии формирования социального интеллекта?». *«Педагоги – главные в обучении», «учителя являются образцом социально-интеллигентного поведения», «педагоги создают поддерживающую, эмоционально безопасную образовательную среду, способствуют формированию социальных навыков учащихся», «администрация обеспечивает необходимые ресурсы, обучение педагогов, координацию и мониторинг процесса».*

Отвечая на вопрос «Как вы оцениваете влияние формирования социального интеллекта на академические достижения учащихся и их поведение в учебно-вос-

питательном процессе?», интервьюируемые отметили, что влияние развития социального интеллекта на академические достижения и поведение состоит в следующем: *позволяет учащимся лучше понимать чувства и эмоции других людей»; «способствует развитию навыков активного слушания, умению адекватно выражать собственные мысли»; «помогает развивать лидерские качества, умение эффективно сотрудничать с другими, разумно использовать свои эмоции, справляться со стрессами».*

Интересные ответы от респондентов мы получили на вопрос «Какие методики и инструменты вы используете для измерения эффективности стратегии формирования социального интеллекта?». Интервьюируемые предложили целый спектр, на их взгляд, успешных методик и инструментов формирования социального интеллекта у учащихся. Это «анкетирование», «наблюдение», «групповые дискуссии», «анализ академических достижений учащихся», «методы самооценки (дневники, рефлексивные записи)» и т.д.

На вопрос «Какими успешными практиками в формировании социального интеллекта через стратегическое планирование вы можете поделиться?» респонденты из числа педагогов затруднились с ответом, а члены администрации рассказали об «уроках эмпатии (учащиеся учатся понимать переживания одноклассников, ставить себя на место других)», «проектах, которые способствуют развитию коммуникативных навыков, сотрудничеству, умению находить компромиссы», «школа приглашает специалистов, тренеров для проведения тренинги и мастер-классы по проблемам социального интеллекта, эмоциональной грамотности и др.».

Изучив научную литературу, проанализировав ответы респондентов мы разработали стратегический план деятельности школы по формированию социального интеллекта у учащихся.

## Обсуждение

Разработанный нами стратегический план деятельности школы по формированию социального интеллекта представляет собой комплекс мероприятий и программ, направленных на развитие социальных навыков, эмоциональной грамотности и межличностных отношений учащихся. Данный план является целенаправленным и охватывает различные аспекты, которые способствуют развитию социальных навыков и компетенций учащихся, гибкий, адаптируемый к изменяющимся потребностям и тенденциям в развитии социального интеллекта учащихся.

Основные направления стратегического плана таковы:

- анализ текущего состояния уровня сформированности социального интеллекта в школе (проведение анкетирования и опроса среди учащихся, педагогов и родителей для оценки уровня социального интеллекта и определения приоритетных направлений развития, анализ успехов и сложностей в межличностных отношениях и коммуникации в школьной обстановке);
- определение целей и задач по развитию социального интеллекта учащихся;
- обучение педагогов (офлайн и онлайн курсы, тренинги по развитию эмоциональной грамотности, уроки коммуникации и слушания, коучинги, менторинг);
- проведение методических советов (методические советы помогут педагогам эффективно и систематически работать над развитием социальных навыков у школьников, что приведет к улучшению межличностных отношений, поддерживающей образовательной среде и успехам учащихся в различных сферах жизни);

- внедрение социальных программ (разработка и внедрение специальных программ, направленных на развитие социального интеллекта, включающие элементы сотрудничества, коммуникации, разрешения конфликтов, эмпатии и т.д.);
- создание образовательной среды (создание классных комнат и учебных зон, где учащиеся могут взаимодействовать, общаться и сотрудничать);
- разработка конкретных мероприятий и программ для каждого уровня образования: начальная, средняя, старшая школа (совместные проекты, игры, дискуссии, общественные мероприятия и волонтерская деятельность, дебаты, театрализованные представления и презентации);
- использование технологий в обучении учащихся (онлайн-курсы, образовательные приложения и социальные платформы);
- обучение родителей (вебинары и встречи для родителей, нацеленные на обмен опытом и советы по воспитанию детей с развитым социальным интеллектом, проведение семинаров и мастер-классов для родителей, чтобы они могли поддерживать развитие социального интеллекта своих детей дома);
- сотрудничество с сообществом (взаимодействие с местным сообществом и другими организациями поможет учащимся расширить кругозор, развить толерантность и адаптироваться к разнообразным социальным ситуациям);
- мониторинг (непрерывное измерение и анализ прогресса формирования социального интеллекта среди учащихся помогут определить эффективность стратегий и внести необходимые коррективы в план развития, сбор обратной связи от учащихся, педагогов и родителей для улучшения программы);
- распространение опыта (подготовка материалов о результатах работы по формированию социального интеллекта для распространения среди других школ и образовательных организаций).

Запланированные и согласованные действия в этих направлениях позволят создать благоприятную образовательную среду, которая способствует эффективному развитию социального интеллекта учащихся и формированию позитивных межличностных отношений в школе.

### **Заключение**

В настоящей статье была рассмотрена актуальная и важная проблема формирования социального интеллекта учащихся через стратегическое планирование в общеобразовательной школе. Определено, что процесс формирования социального интеллекта требует системного и структурированного подхода, что делает стратегическое планирование неотъемлемой частью данного процесса.

Анализ научной литературы позволил выявить разносторонние взгляды на значение социального интеллекта, а также подчеркнул его роль в формировании межличностных отношений, общения и лидерских качеств. Отсутствие четкой методологии измерения социального интеллекта ставит перед образовательными учреждениями задачу разработки адаптированных подходов для оценки эффективности стратегии его формирования.

Системное внедрение стратегического плана формирования социального интеллекта позволяет добиться максимальных результатов. Разнообразие методов, включая менторские программы, проектные активности и уроки эмоционального интеллекта, способствуют комплексному подходу к развитию социальных навыков. Тем не менее, следует признать, что реализация стратегии формирования социального интеллекта может столкнуться с определенными вызовами. Необходи-

мость адаптации педагогического коллектива, а также оценки и мониторинга результатов являются непростыми задачами. Однако, преодоление этих трудностей может привести к значительным положительным изменениям в образовательной среде.

Таким образом, формирование социального интеллекта учащихся через стратегическое планирование – это важный шаг в направлении создания более гармоничного и подготовленного общества. Акцент на социальных навыках поможет учащимся успешно адаптироваться в современном мире, проявлять лидерские качества и строить качественные межличностные отношения. Применение стратегического планирования в данной области открывает перспективы для совершенствования образовательных практик и обогащения педагогического опыта, способствуя формированию гармоничной и успешной личности.

### Список использованных источников

1. **Salovey, P., Mayer, J. D.** Emotional intelligence // *Imagination, Cognition, and Personality*, 2019. – № 9. – P. 209.
2. **Михайлова, Е. С.** Социальный интеллект. Концепции, модели, диагностика. – СПб.: Изд-во С.-Петербург. ун-та, 2017. – 266 с.
3. **Бобнева, М. И.** Социальные нормы и регуляция поведения. – М.: Наука, 2015. – 312 с.
4. **Умирбекова, А. Н.** Әлеуметтік зияттылықты зерттеудің негізгі амалдары [Мәтін] // ПМУ хабаршысы, Педагогикалық серия, 2017. – № 4. – Б. 89-97.
5. **Sunitha, S. J.** Developing a model based on cooperative learning principles to enhance social intelligence // *JETIR*, 2021. – № 8. – PP. 299-312.
6. **Moss, F. A., Hunt, T.** Are you socially intelligent? // *Scientific American*, 2016. – № 2. – PP. 108-110.
7. **Ortiz, A., Johnson, D. W., Johnson, R. T.** The effect of positive goal and resource interdependence on individual performance // *Journal of Social Psychology*, 2016. – № 8. – PP. 243-249.
8. **Slavin, R. E.** Cooperative learning: Applying contact theory in desegregated schools // *Journal of Social Issues*, 1985. – № 3 (41). – PP. 45-62.
9. **Goleman, D.** Emotional Intelligence: Why It Can Matter More Than IQ. – Bloomsbury, 1995.
10. *The Art of Empathy: A Complete Guide to Life's Most Essential Skill* // Karla McLaren, 2015.
11. **Marakhovska, N. V.** Introduction to foreign language teaching by means of art therapy during preschool education traineeship // *Colloquium-journal*, 2018. – № 4. – Pp. 45-47.
12. **Сейтенов, А. С., Аубакирова, Р. Ж.** Развитие «социального интеллекта» детей дошкольного возраста средствами игровых и арт-технологий [Текст] // *Педагогическое искусство*, 2021. – № 2. – С.18-31.
13. **Smith, D.** Strategic Planning for Fostering Social Intelligence: A Case Study of XYZ School District // *Imagination, Cognition, and Personality*, 2021. – № 3. – P. 84-98.
14. **Braun D.** Strategic Integration of Social Intelligence Development in Higher Education: A New Paradigm // *Colloquium-journal*, 2018. – № 3. – Pp. 68-79.

### References

1. **Salovey, P., Mayer, J. D.** Emotional intelligence // *Imagination, Cognition, and Personality*, 2019. – № 9. – P. 209.
2. **Mihajlova, E. S.** Social'nyj intellekt. Konceptii, modeli, diagnostika. – SPb.: Izd-vo S.-Peterb. un-ta, 2017. – 266 s.
3. **Bobneva, M. I.** Social'nye normy i regulyaciya povedeniya. – M.: Nauka, 2015. – 312 s.
4. **Ұмирбекова, А. Н.** Әлеуметтік зияттылықты зерттеудің негізгі амалдары [Basic approaches to the study of social intelligence] [Text] // *Vestnik PGY. Pedagogicheskaya seriya*, 2017. – № 4. – S. 89-97.
5. **Sunitha, S. J.** Developing a model based on cooperative learning principles to enhance social intelligence // *JETIR*, 2021. – № 8. – PP. 299-312.
6. **Moss, F. A., Hunt, T.** Are you socially intelligent? // *Scientific American*, 2016. – № 2. – PP. 108-110.
7. **Ortiz, A., Johnson, D. W., Johnson, R. T.** The effect of positive goal and resource interdependence on individual performance // *Journal of Social Psychology*, 2016. – № 8. – PP. 243-249.
8. **Slavin, R. E.** Cooperative learning: Applying contact theory in desegregated schools // *Journal of Social Issues*, 1985. – № 3 (41). – PP. 45-62.
9. **Goleman, D.** Emotional Intelligence: Why It Can Matter More Than IQ. – Bloomsbury, 1995.
10. *The Art of Empathy: A Complete Guide to Life's Most Essential Skill* // Karla McLaren, 2015.
11. **Marakhovska, N. V.** Introduction to foreign language teaching by means of art therapy dur-

- ing preschool education traineeship // Colloquium-journal, 2018. – № 4. – Pp. 45-47.
12. **Sejtenov, A. S., Aubakirova, R. Zh.** Razvitie «social'nogo intellekta» detej doshkol'nogo vozrasta sredstvami igrovyh i art-tekhnologij Development of "social intelligence" of preschool children by means of game and art technologies [Text] // Pedagogicheskoe iskusstvo, 2021. – № 2. – S.18-31.
  13. **Smith, D.** Strategic Planning for Fostering Social Intelligence: A Case Study of XYZ School District // Imagination, Cognition, and Personality, 2021. – № 3. – P. 84-98.
  14. **Braun D.** Strategic Integration of Social Intelligence Development in Higher Education: A New Paradigm// Colloquium-journal, 2018. – № 3. – Pp. 68-79.

## Оқушылардың әлеуметтік интеллектісіне стратегиялық жоспарлау арқылы (жалпы білім беру мектептің тәжірибесінен)

**А.Р. Бейсембаев**

Инновациялық Еуразия университеті  
Павлодар қ., Қазақстан Республикасы



**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазіргі білім берудің маңызды тақырыптарының бірі - Стратегиялық жоспарлау арқылы оқушылардың әлеуметтік интеллектін қалыптастырудың негізгі аспектілері қарастырылады.

Зерттеу авторы әлеуметтік интеллект оқушылардың жалпы үлгерімі мен бейімделуімен байланысты деп тұжырымдайды. Оқу іс-әрекеті білімді игерумен шектелмейді, сонымен қатар мұғалімдермен, сыныптастарымен және басқа оқушылармен тұлғааралық қарым-қатынасты қамтиды. Әлеуметтік интеллекттің дамуы жалпы оқу тәжірибесін жақсартуға және басқалармен жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін, бұл өз кезегінде оқудағы жетістіктерге және оқушылардың жеке дамуына жағымды әсер етеді.

Білім беру мекемесіндегі әлеуметтік интеллектті зерттеу әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып жүргізілуі мүмкін. Сонымен, мақалада мұғалімдермен сұхбаттың нәтижелері келтірілген, бұл олардың пікірлерін, сенімдерін, көзқарастарын және басқалармен өзара әрекеттесу тәжірибесін тереңірек зерттеуге мүмкіндік берді. Әдебиеттерді талдау негізінде мақала авторы әлеуметтік интеллекттің дамуы бүкіл білім беру қауымдастығының қатысуын және жұмысқа жүйелі көзқарасты қажет ететін үздіксіз процесс екенін атап көрсетеді. Сондықтан арнайы бағдарламаларды интеграциялауды, педагогтарды қолдауды және инновациялық әдістерді қолдануды қоса алғанда, стратегиялық жоспарлау бағыттарын анықтауға ерекше назар аударылады.

Мақала білім алушыларда әлеуметтік интеллектті қалыптастыруға мүдделі ғалымдарға, педагогтарға және білім беру саласындағы сарапшыларға пайдалы ресурс болады.



**Кілтті сөздер:** әлеуметтік интеллект, стратегиялық жоспар, сәтті бейімделу, тұлғааралық қатынастар, әлеуметтік белсенділік, эмпатия

## To the social intelligence of pupils through strategic planning (from the experience of a comprehensive educational school)

**A.R. Beisembaev**

Innovative Eurasian University  
The city of Pavlodar, Republic of Kazakhstan



**Abstract.** This article discusses one of the important topics of modern education - the key aspects of the formation of pupils' social intelligence through strategic planning.

The author of the study claims that social intelligence correlates with the overall academic performance and adaptability of pupils. Learning activities are not limited to learning but also include interpersonal relationships with teachers, classmates, other pupils. The development of social intelligence can contribute to the improvement of the overall learning experience and the formation of positive relationships with others, which, in turn, has a positive effect on academic success and personal development of pupils.

The study of social intelligence in an educational institution can be carried out using various methods and approaches. Thus, the article presents the results of interviews with teachers, which allowed a deeper study of their opinions, beliefs, attitudes and experience of interaction with others. Based on the analysis of the literature, the author of the article emphasizes that the development of social intelligence is a continuous process that requires the participation of the entire educational community and a systematic approach to work. Therefore, special attention is paid to the definition of strategic planning directions, including the integration of special programs, support for teachers and the use of innovative techniques.

The article will be a useful resource for scientists, teachers, and experts in the field of education who are interested in the formation of social intelligence among pupils.



**Keywords:** social intelligence, strategic plan, successful adaptation, interpersonal relationships, social activity, empathy

*Материал поступил в редакцию 20.08.2023 г.*



FTAMP 14.25.05

DOI 10.59941/2960-0642-2023-3-143-156

## Біртұтас тәрбие бағдарламасы: зерттеулер мен іске асыру тетіктері

**А. Ш. Танирбергенова**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.  
a.tanirbergenova@uba.edu.kz



**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі заманғы білім беру мәселелері мен оларды ұлттық құндылықтарды құру және қолдау арқылы шешу жолдары туралы зерттеу ұсынылған. 2020-2023 жылдар аралығында білім беру мекемелерінде жаңа ұрпақты тәрбиелеуге қажетті негізгі құндылықтарды анықтау мақсатында авторлық сауалнамаларға негізделген 33 297 респонденттің қатысуымен ауқымды зерттеу жүргізілді. Респонденттер ретінде басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері анықталды. Деректерді талдау үш негізгі құндылықты анықтады: ұлттық мүдде, ар-ұят және талап. Осы құндылықтардың негізінде білім беру мекемелерінде қолдануға арналған біртұтас тәрбие бағдарламасы әзірленді. Бұл бағдарламаның мақсаты – ұлттық мүдделер мен құндылықтарға жоғары басымдық беретін, өз Отанын құрметтейтін және Қазақстанда әділ қоғамның дамуына ықпал ететін тұлғаларды қалыптастыру. Сондай-ақ, мақалада ұлттық құндылықтарды оқу процесіне интеграциялауға және білім алушыларда терең білім беруді, көрегендікті, еңбекқорлықты, адалдық пен ұлттық сананы қалыптастыруға бағытталған тәрбиенің әртүрлі әдістері қамтылған. Мақалада білім беру ұйымдарында балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру тетіктері бірілген. Бұл зерттеу жас ұрпақ арасында ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу және қалыптастыру мәселелерімен айналысатын білім беру саласындағы мамандар, ғалымдар мен педагогтер үшін пайдалы болады болмақ.



**Кілтті сөздер:** ұлттық мүдде, ар-ұят, талап, ұлттық құндылық, біртұтас тәрбие бағдарламасы.



**Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:**

**Танирбергенова, А. Ш.** Біртұтас тәрбие бағдарламасы: зерттеулер мен іске асыру тетіктері [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №3. – Б. 143-156.

### Кіріспе

Қазіргі әлем жылдам өзгермелі. Әлемдегі геосаяси ықпалдар мен экономикалық қақтығыстар еліміздің экономикалық, әлеуметтік жағдайына, адамдардың мәдениеті мен рухани дүниесіне де әсер етіп, құндылықтар жүйесін шарпып өтті.

Жаһан кеңістігінде алуан түрлі ақпарат еркін таралып, әлеуметтік желілер арқылы балалардың санасына әсер ету-

де. Интернет кеңістігі баланың тәрбиесі мен мінез-құлқына, өзін-өзі ұстау әдебіне әсер етіп, балалар мен жасөспірімдер арасында түрлі субмәдениеттердің белгілі бір басымдыққа ие болуына жол ашты. Мұндай сын-қатерлерді түбірімен жою мүмкін емес, дегенмен оған тосқауыл болу – баршамызға ортақ міндет.

Баспасөз беттерінде, әлеуметтік желілерде жасөспірімдер мен жастар арасында вейп, нашақорлық, психотропты заттар-

ды пайдалану секілді проблемалардың бар екендігі кеңінен талқылауға түсіп жүр. Балалар қолдарында ұстап жүрген смартфондарындағы интернетке жылдам қолжетімділік балаларды интернет ойындарына тәуелді еткені де жасырын емес. Сондай-ақ балалардың тез байып кету, жеңіл жолмен ақша табу секілді қиялдары оларды лудомания дертіне ұшыратты. Бұл балаларымыздың бойында қаржылық сауаттылықтың төмендігін көрсетеді.

Ал, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы жариялаған мәліметтерге назар аударсақ, кәметке толмағандар арасында ұрлықтың, зорлау және зорлауға оқталу фактілерінің артып келе жатқандығын байқауға болады. Демек, қазіргі өсіп келе жатқан ұрпақ бойында қатыгездіктің бой алғандығын көрсетті [1].

Аталған проблемалардың туындауына ықпал ететін көптеген себептер мен салдарлар бар. Мысалы, интернеттің ашықтығы, кез келген ақпараттың жылдам таралуы, бала қарайтын видео контенттердің фильтрлерден өткізілмеуі, ата-аналардың жұмыс пен отбасылық өмір арасындағы үйлесімділік пен тепе-теңдікті сақтамауы бала тәрбиесіндегі жүгенсіздіктің орын алуына ықпал етті.

Осыған орай, баланың бойына ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтарды дарыту жолдарын мұқият ойластыру, қауіпсіз, жайлы оқу ортасын қамтамасыз етуде білім беру ұйымдары, мемлекеттік және әлеуметтік институттар арасында өзара ынтымақтастық қарым-қатынастар парадигмасын қалыптастыруды қажет етеді.

Бүгінгі күні мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан», «Еңбек адамы», «Толық адам», «Адал адам» идеологияларын қамтитын және адамгершілік, тұлғалық қасиеттерді айқындайтын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын білім алушылардың бойында дамыту қажеттілігі тұр [2].

Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық мүддені жоғары қоятын, өзінің

туған жерін, Отанын қадірлейтін және Әділетті Қазақстанның әрі қарай дамуына серпін беретін, терең білімді, озық ойлы, еңбекқор, адал және ұлттық болмысы айқын тұлға тәрбиелеу міндеті көзделеді.

## Материалдар мен әдістер

Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытуға қатысты дереккөздерге теориялық талдау жүргізілді. Зерттеу барысында жинақталған деректер өскелең ұрпаққа қажетті құндылықтарды талдауға, заманауи талаптарға сәйкес жүйелеуге мүмкіндік берді. Алынған деректерді зерделей келе, қазіргі қоғамда балалардың бойында ұлттық қасиеттердің көрініс таппауы, ұрпақ бойында ұлттық тәрбиенің ақсап бара жатқаны қоғамға біртұтас ұлттық тәрбие бағытының қажеттілігін тудырды.

Осыған орай біртұтас тәрбие бағдарламасы әзірленді. Бағдарламаны өскелең ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды дарыту үшін пайдалануға болады.

Дереккөздерді зерттеу барысында алып Ер Тоңғаның «Ақи немесе жомарттық», әл-Фарабидің парасатты адам, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Яссауидің хәл туралы, Абай Құнанбаевтың «Толық адам», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ар-ұждан» ілімдері, Ахмет Байтұрсыновтың «Баулу мектебі және басқа да қазақ халқының ағартушыларының еңбектері негізге алынды [3]. Бұл еңбектер білім алушының бойында қоғам мен ата-ана алдындағы жауапкершілік пен Отанына деген рухты, патриоттық сезімді қалыптастыруда алғышарт болып табылады.

Сондай-ақ қазақ тіліндегі алғаш рет тәрбие деген ұғымға анықтама беріп, оның қандай болу керектігі туралы Жүсіпбек Аймауытовтың педагогикалық мұраларынан көруге болады. Ол тәрбиенің өмір бойы жалғасатын үздіксіз процесс екендігін және тәрбие адамды шындықты, ізгілікті, көркемдікті тәжірибе жүзінде іске асыруға жетелейтіндігін және ол білімнің табан тірейтін негізі екендігін көрсеткен [4].

Бұл идеяны әрі қарай жалғаған Мағжан Жұмабаев та баланы сол ұлттың өз тәрбиесімен тәрбиелеудің маңызды екендігіне ерекше мән беріп, балаға ақыл-ой, мінез, сұлулық және дене тәрбиесі берілгенде ғана оның толыққанды болатындығын көрсеткен [6].

Демек, қазақтың ойшылдары, ақын-жыраулары, ұлт зиялыларына тән ортақ идея бала тәрбиесі – ұлттық болғанда ғана елдігіміз нығайып, тәуелсіздігіміз тұғырлы болатындығында.

Ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт қалыптасуының басты факторларының бірі. Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген сезім. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі. Ал осы ұлттық идеологиямыз әлсіз болса, барлық салаға өзінің теріс әсерін тигізери хақ [6].

Дегенімен бүгінгі күні білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарды дәріптеу, бала бойына дарыту мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар да жоқ емес. Мысалы, атап айтқанда Астана қаласы әкімдігінің «№53 мектеп-лицейі ұлттық дәстүрге баулу «Зерек» ұлттық тағылым бағдарламасы, Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде құндылықтарға негізделген білім беру, Жамбыл облысы білім басқармасы № 5 Ақарал жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясында ақыл-ой, жаһандық құзыреттілік, эмоционалды интеллектуалдық шығармашылық пен рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту бойынша эксперименттік алаңы, Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы Батыр ауылындағы №10 орта мектепте құндылықтарға негізделген тәрбие бойынша жобалар және т.б. білім алушылардың бойында ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтарды дарыту мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылуда.

Сонымен қатар зерттеу білім беру ұйымдарының педагогтері, сынып жетекшілері, директордың тәрбие ісі жөніндегі

орынбасарлары, тәрбие әдіскерлері арасында сауалнама жүргізумен жалғасын тапты.

Сауалнама 3 кезеңнен өткізілді.

1-кезең – 2020-2021 оқу жылы. Білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілерінен 5640 респондент қатысты.

2-кезең – 2022-2023 оқу жылы. Білім беру ұйымдарындағы педагогтермен жүргізілген сауалнамаға 20331 респондент, оның 14155 қазақ тілінде, 6051 орыс тілінде қатысты.

3-кезең – 2022-2023 оқу жылы. Өңірлер бойынша білім беру ұйымдарындағы директорлардың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларынан 7326 респондент қатысып, тәрбиедегі олқылықтар анықталды.

Қоғамда қазіргі балалар тәрбиесіндегі мәселелерді шешу жолдары, тәрбиенің бағыт-бағдарын анықтау, құндылықтарды дарыту оны жоспарлау және ұйымдастыруда педагогтер мен сынып жетекшілеріне әдістемелік көмектің қажеттілігі басымдық беруде.

Осыған орай зерттеу мақсаты білім беру ұйымдарында білім алушылардың бойына тұлғалық, ұлттық құндылықтарды дамытудағы маңыздылығын анықтау болды.

Зерттеу өңірдегі білім беру ұйымдарында тәрбие мәселелерін анықтауға мүмкіндік берді. Теориялық және практикалық зерттеулерді талқылай келе, білім беру ұйымдарында өскелең ұрпаққа ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің принциптері, тетіктері мен әдіс-тәсілдері айқындалды.

Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Сол себепті тәрбиенің нәтижелі болуы маңызды және ол тек құндылықтарға негізделгенде ғана нәтижелі болмақ. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, тандауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды [7].

Демек, қазіргі кезеңде өскелең ұрпақ тәрбиесіне тірек болатын, адами қадір-қасиеттерді нығайту үшін ұлттық мүддені нығайтатын, ұлттық мирасты сақтайтын және оны дәріптейтін, ар-ұжданы таза, сәлауатты өмір салтын ұстанатын, заманның талабына сай келетін түйінді құзыреттерді қалыптастыру маңызды. Сол себепті ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтары арқылы тәрбие жұмысын ұйымдастыру қажет.

#### *Ұлттық мүдде құндылығы*

Ұлттық мүдде: тәуелсіздік, егемендік, мемлекеттік аумақ, қазақ тілі, экономикалық өрлеу, халықтың әл-ауқаты, ұлттық қауіпсіздік, отаншыл, ұлттық мирасын, мұрасын қадірлейтін, ұлттық мәдениетті бағалайтын ұрпақ қалыптастыруды көздейді. Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу, оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет ету, ұлттық мираспен мұрасына ұқыптылықпен қарап, оны белсенді дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады.

Отанның бастау бұлағы – отбасы. Демек ата-ананы қадірлеуге тұғыр болатын қара шаңырақ, жеті ата, тектілік ұғымдары өскелең ұрпақ бойына сіңіріліп, отбасының татулығын, береке-бірлігін нығайтуға жетелейді [8]. Сол себепті отбасына сүйіспеншілік, бауырмалдық қасиеттері сіңген және отбасы алдындағы перзенттік парызын жете түсінген, намысшыл, отбасын, Отанын, мемлекеттік рәміздерін құрметтейтін адал ұрпақ мемлекет тәуелсіздігін, ел мен жердің тұтастығын қадір тұтуға, демократиялық және азаматтық жауапкершілікті саналы түсінуге, қазақ тілін еліміздің басты рухани байлығы ретінде қастерлеуге, құрметтеуге, оны қоғамның барлық саласында қолдануға, ғылым тілі ретінде дамытуға үлес қосуға ұстын болады.

Сондықтан Ұлттық мүдде құндылығы адамдар арасындағы сыйластық, сыпайылық, әдептілік қасиеттерін сіңіруге, елі мен жеріне, мемлекетін, рәміздерін құрметтеуге бағыттайды.

Отбасы алдындағы перзенттік парыз, Отан алдындағы борыш, Отанға, елге, ұлтқа абыройлы қызмет ету, тарихи танымның тереңдігі, отаншылдық, елжандылық қасиеттері Ұлттық мүдде құндылығына тұғыр болады.

«...Ұлтына, жұртына қызмет қылу – білімнен емес, мінезден», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Қыз анадан үйренбей өнеге алмас, Ұл атадан үйренбей сапар шекпес», «Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады», «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» т.б. қанатты сөздер Ұлттық мүдде құндылығын бала бойына дарытуға негіз болады.

Ұлттық мүдде құндылығы еліміздің өткен тарихын ұрпақ жадында сақтауға, ата-бабадан қалған мирастарды мұраларды танып-білуге, оны сақтап, әрі қарай дәріптеуге тірек болады. Өз тарихын білмеген ұрпақ, оны ертеңінде сақтай алмайды. Сондықтан еліміздің болашағын жарқын ету, ұлттық рухымызды сіңіру ұлттық мирас құндылығымен сабақтас. Ата-бабадан қалған құнды мұраларымызды қорғауға дағдыландыру керек. Балалармен бірге театрға, мұражайға және тарихи орындарға бару оларды рухани жағынан кемелдендіреді. Бұл тұрақты қолға алынғанда ғана өткенінен сабақ алып, болашағына үмітпен қарайтын ұрпақ келері сөзсіз.

#### *Ар-ұят құндылығы*

Ар-ұят құндылығы мектеп оқушыларын тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады, этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады. Ар-ұят құндылығы адами мінез-құлыққа сәйкес келмейтін, жағымсыз істерден бойын аулақ ұстауға, жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, парасаттылықты жоғары бағалауға, абыройлы болуға ықпал ететін адамдық болмыстың сапалы бейнесін қалыптастырады. Ар-ұят құндылығына «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл

жарасса – адамгершілік ұтады» деген даналық өсиет пен адалдық, әділеттілік, мейірімділік, жауапкершілік қасиеттері тұғыр болады. «Арлының ұяты бетінде», «Ақылың болса ар сақта, ар-ұят керек әр уақытта», «Пайда ойлама, ар ойла», «Әділ сөйлеп, адал жүр», «Әділдіктің екі қайнар көзі бар: ешкімге зиян келтірмеу және қоғамға пайда келтіру», «Халқыңа адал бол, жауыңа қатал бол, досыңа адал бол!», «Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен», «Ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек», «Ақылды сол – нысап пен ар сақтайды» т.б. қанатты сөздер ұждан құндылығын бала бойында қалыптастыруға негіз болады.

Ардың кіршіксіз, ұжданның таза болуы – түптеп келгенде, ұлт қауіпсіздігінің өзегі. Себебі, ар-ұяттың кемдігінен ұлт болашағының жегі құртына айналған парақорлық, жемқорлық қоғамдағы алаяқтықтық әрекетті асқындырып отыр. Сондықтан балабақшадағы бүлдіршіннен бастап, мектеп бітіретін жасөспірімге дейінгі тәрбиеде ар-ұят маңдайалды құндылық ретінде басты ұстанымға айналуы тиіс.

Ар-ұят құндылығы адалдық, әділеттілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін бала бойында қалыптастыруды және еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, жауапкершілік сезімін нығайтуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады.

#### *Талап құндылығы*

XXI ғасыр технологиялардың қарқынды дамыған заманы. Еліміз басқа елдерден оза дамуы үшін технологияларды қарқынды дамытуға үлес қосып, инновацияларға ашық болуымыз қажет. Сол себепті өскелең ұрпақ бойында заманауи дағдыларды қалыптастыру маңызды. Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сонымен қатар, талап құндылығы баланың білім алуға, ғылымда жаңалық ашуға жаны құштар болуға, салауатты өмір салтын ұстануға уақыт пен

қаржысын тиімді жоспарлауына дағдыландырады. Демек, талап құндылығы қазіргі BANI әлемге қажетті түйінді құзіреттіліктерді қалыптастырумен сабақтасады. Себебі, біздің балаларымызға ұлттық тәрбиеден нәр алып, заман ағымына ілесуге және елімізді озық елдер қатарынан табылуына серпін беретін түйінді құзіреттерді бойында қалыптастыру маңызды.

Осыған орай, қазіргі заманда сыни ойлайтын, оңтайлы шешімдерді дербес қабылдайтын, қабілет қарымы мол, құқықтық мәдениеті жоғары, қоғамдық орында өзін мәдениетті ұстай алатын, басқалармен тіл табыса білетін, сындарлы диалогқа түсе алатын тұлғалар тәрбиелеуге басымдық береміз.

Білім беру ұйымдарында және қоғамда барлық тәрбие ісімен айналысушылардың негізгі өзара іс-қимыл принциптерін ұсынуға болады:

- Қауіпсіздік пен қамқорлықты қамтамасыз ету принципі;
- Тұлғалық сезімді құрметтеу принципі;
- Белсенділік, дербестік және тәртіпті сақтау;
- Кешенділік және жүйелілік принципі;
- Үлгі болу арқылы тәрбиелеу принципі;
- Кері байланыс және коммуникацияны қолдау принципі.

#### *Тәрбиені жүзеге асыру тетіктері:*

- Пәндік мазмұн шеңберінде;
- Сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде;
- Сыныптан тыс іс-әрекеттер шеңберінде;
- Отбасымен ынтымақтастық шеңберінде;
- Қоғамдық серіктестермен өзара әрекеттесу шеңберінде [9].


## Нәтижелер мен талқылау

Бүгінгі күнде білім беру ұйымдарында тәрбиенің мән-жайы, ұрпақ бойына сіңіріліп отырған құндылықтар жүйесі және оның бала дамуына әсері қоғам-

ды толғандырып отырған мәселе екені анық.

Осыған орай өңірлерде ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтарды анықтауда жүргізілген сауалнама нәтижесі ұсынылды.

Білім беру ұйымдарында қоғам игілігіне қызмет ететін саналы азаматты тәрбиелеу үшін қандай құндылықта маңызды?




1-сурет – Білім беру ұйымдарында тәрбие құндылықтарының маңызы

Білім беру ұйымдарында қоғам игілігіне қызмет ететін саналы азаматты тәрбиелеу барысында берілетін құндылықтар ар-ұят, Отан, отбасы, ар-ұждан, талап, кемелдену, еңбек құндылықтары (1-сурет). Сауалнамаға берілген жауаптар осы аталған құндылықтардың бүгінгі қоғамдағы маңыздылығын көрсетті. Қазір уақытта білім беру ұйымдарында білім алушылардың бойына еңбек құндылығының қажеттілігі басымдық беріп отыр. Яғни біздің ал-

дымызда қоғам болып балаларды еңбек әрекетіне баулып, еңбектің құндылығын түсіндіру міндеті тұр. Сондай-ақ білім алушылардың бойында ар-ұят, ар-ұждан, отбасы құндылықтарын үлгі-өнеге арқылы дарыту қажеттігі көрінеді. Білім алушыларды кемелділікке, сананың ашықтығына, зерек болуға тәрбиелей отырып, талап құндылығын да дарытуымыз қажет.

Адами мінез-құлыққа сәйкес келмейтін, жағымсыз істерден бойын аулақ ұстауға тәрбиелеу үшін бала бойында қандай қасиеттерді қалыптастыру қажет?




2-сурет – Ар-ұят құндылығын қалыптастыру

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей адами мінез-құлыққа сәйкес келмейтін, жағымсыз істерден бойын аулақ ұстауға тәрбиелейтін қасиеттерді қалыптастыру үшін білім алушылардың бойында ұят, ар-намыс, мейірімділік пен әдептілікті дарыту қа-

жет (2-сурет). Олай болса отбасы, мектеп, қоғам ынтымақтастығында баланы мейірімділік пен сүйіспеншілікке, сыпайылық пен әдептілікке жетелей отырып, ар-ұятты биік ұстайтын, намысты тұлға тәрбиелеу міндеті тұр.

**Заң мен моральдік этикалық тәртіпке қайшы келмейтін, шынайылық пен тәртіпке тәрбиелеу үшін бала бойында қандай қасиеттерді қалыптастыруымыз қажет?**




**3-сурет – Балаларға адалдық пен тәртіп қасиеттерін қалыптастыру**

Білім алушыларды шынайылық пен тәртіпке жетелейтін жауапкершілік, адалдық, әділеттілік, ізгілік қасиеттерді қалыптастыру, заң мен моральдік этиканы

сақтауға, адалдық пен әділетті болуға тәрбиелеу қажеттігі басым екендігі байқалды (3-сурет).

**Ұлттық мүдде құндылығын сіңіру үшін бала бойында қандай қасиеттерді қалыптастыру маңызды?**




Regarding marriage, exogamy up to seven generations remains in practice in Kazakh families so that it is not allowed to be married to a relative until the 'seventh knee' unlike other Muslim communities who practice marriage between cousins. Kazakh families keep notes on their tribal tree (the names of fathers, grandfathers and so on over generations, and clans inside the tribe) in order to avoid marriage and childbearing between relatives. Hence, tribal belonging is crucial for the child's long-term interests while the deprivation of family ties in a tribal society is particularly harmful. As discussed above, Kazakh families not always, but most of the time, take the child of their relatives, where required, under their care (90% of children deprived of parental care are under the guardianship of their relatives (kinship care)).

Like in the majority of nations across the world, Kazakh family support does not end with reaching adulthood. There is lifelong mutual support. Therefore, family ties and a sense of belonging accompany people throughout their lives, help each member of the family to be appreciated and through the family unit each person builds their own social network and confirms his or her ethnic identity [36]. At Kazakh gatherings, the opening question in a conversation is often: What is your ru (tribe)? Consequently, among the Kazakhs, the lack of any knowledge of which tribe a person belongs to can mean the lack of family and social support during their lives.

## Discussion

This brief examination of Kazakhstani history and culture demonstrates that the institutional care of children (in orphanages) stands in stark contrast to the social norms of Kazakh tribal society where the child

is appreciated as a future member of the coming generation of their tribe. The soviet scholar Fucs [12] criticised the practice of the pre-Soviet Kazakh people on guardianship and adoption for the exploitative characteristics of such practice. However, this stance might be explained by the Soviet Union ideology that above all was focused on labour and considered all matters from this exploitative aspect. As it was discussed earlier in this paper, the Soviet authority used to criticise the politics of the Czarist administration in regard to land deprivation, the patriarchal family structure, and the exploitation of women, but as the analysis shows, this Soviet authority did the same. Namely, it took on role of the 'father' for all, like in a patriarchal family, took the land from Kazakh nomads, and forced women to participate in labour for the state's interest. Therefore, the argument of Fucs [12] is politically correct for that time, but as later studies show Kazakh people were good parents and their main value was the family ties [10; 36]. The evidence of children's welfare in Kazakh society is visible from the rigorous practice and traditions related to children, including the well - regulated practice of custody and adoption. Children deprived of parental care in pre-Soviet Kazakh society were never abandoned and remained within the extended family who looked after them. This practice correlates well with the contemporary view of the best interests of the child promoted by United Nations (UN) documents, including the UN Convention on the Rights of the Child and the UN Guidelines for the alternative care for children (2010). Hence, though it still has a similar child protection system as other post-Soviet states, Kazakhstan is in a good position to follow its own path out from the practice of institutional care, taking the lessons from its own history, culture and traditions that favour kinship care.

The deinstitutionalisation of children in contemporary Kazakhstan is a matter of political will and adequate human and financial resources [2]. So far, the political will is not consistent, due to the absence of a relevant policy. Consequently, there are no resources for the transformation of institutions for children and recruiting foster families. Despite social tensions and high level of pov-

erty, structural transformation has not been undertaken and nor has money been allocated toward the development of family support and preventive social services. The levels of poverty and the lack of a strong political will works against the traditional child care, so that 5,006 children remain in institutions [37]. However, due to the significance of family ties in Kazakh society and the existing practice of kinship care of the pre-Soviet Kazakh society, there is a great opportunity to promote kinship care. The missing piece for this puzzle is the political will. In this context the role of NGOs that keep raising the awareness of negative outcomes of institutionalisation for children might be crucial in forcing the President to produce a workable and sustainable deinstitutionalisation policy. The latter implies resources and well thought out plan that minimises the harm to children and prevents family and child separation and enables their reunion wherever.

This historical study was the prerequisite of the doctoral research about the implementation of the child's right to be raised in the family in contemporary Kazakhstan. Therefore, this paper is limited in discussion on how childcare is provided in Kazakhstan in the present day as it discusses in the rest of the doctoral thesis.<sup>10</sup> Regarding contemporary childcare in Kazakhstan, this paper answers the question of why it remains as it was during the Soviet Union.

This study might be of interest to scholars interested in childcare provision in Central Asian nations, and post-Soviet states, and to policy evaluators who conduct their studies about the problem of the institutionalization (deinstitutionalization) of children in the Central Asian region

## Conclusion

This paper demonstrates the direct impact of the political, social, and economic changes in Kazakhstan on changes to family relationships [19]. Namely, the value placed on family and the nature of the family structure is transformed in the context of the economic, political, or social situa-

tions depending on the interests (or lack of such interest) of those in power (the Czarist administration, the tribal leaders in the nomadic society, the Soviet authority, the president of independent Kazakhstan Nursultan Nazarbayev (1991-2019)). Family traditions and networks that helped people to overcome crises in different historical periods, including the perestroika of the nineties, might also be helpful in regard to the deinstitutionalisation of children. In present Kazakh society, family ties and tribal identity are crucial parts of adult life, especially concerning building careers and marriage. The unique path out of inherited soviet legacy of institutionalisation of children for Kazakhstan is to encourage people to take on the care of the remaining children still in institutions, according to the kinship care practices of the pre-Soviet Kazakh nomads. The significance of family ties for a child's future in adulthood should be emphasised in the deinstitutionalisation policy of Kazakhstan that goes in line with the Kazakh culture where it is common to start a conversation with the question: what is your 'ru' (tribe)?

## References

1. **Ismayilova, L., Ssewamala, F., & Huseynli, A.** (2014). Reforming Child Institutional Care in the Post-Soviet Bloc: The Potential Role of Family-Based Empowerment Strategies. *Children and Youth Services Review*, 47, 136–148. doi:10.1016/j.childyouth.2014.09.007.
2. **Legrand, J.-C.** (2015). Child care system reforms in Eastern and Central Europe and Central Asia: Why there is a need to focus on children below three years. *Irish Journal of Applied Social Studies*, 15(2), 3–11. doi:10.21427/D7WM74.
3. **Haar, R. N.** (2011). Violence against children in residential institutions in Kazakhstan: assessment of the situation. Commissioner for Human Rights in the Republic of Kazakhstan, UNICEF.
4. **Salter, M., & Mason, J.** (2007). *Writing Law Dissertations: An Introduction and Guide to the Conduct of Legal Research*. Harlow: Longman.
5. **Snyder, H.** (2019). Literature Review as a Research Methodology: An Overview and Guidelines. *Journal of Business Research*, 104, 333–339. doi:10.1016/j.jbusres.2019.07.039.
6. **Freeman, M. D. A.** (1992). *Children, Their Families and the Law: Working with the Children Act*. Basingstoke: Macmillan.

7. **Kelly, J. B.** (1997). The best interests of the child: A Concept in Search of Meaning. *Family Court Review*, 35(4), 377–387. doi:10.1111/j.174-1617.1997.tb00480.x.
8. **Asfendiyarov, S. D.** (1993). *Istoriya Kazakhstana* [The History of Kazakhstan]. Алма-Ата.
9. **Aldashev, G., & Guirking, C.** (2017). Colonization and Changing Social Structure: Evidence from Kazakhstan. *Journal of Development Economics*, 127, 413–430. doi:10.1016/j.jdevco.2016.12.005.
10. **Hiro, D.** (2009). *Inside Central Asia: A Political and Cultural History of Uzbekistan, Turkmenistan, Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan, Turkey, and Iran*. Gerald Duckworth & Co.
11. **Zhakiyeva, A. Zh.** (1971). *Razvitie semeino-brachnyh otnoshenii v Kazakhstane* [Development of family and marriage relations in Kazakhstan]. Алма-Ата.
12. **Fucs, S. L.** (1981). *Obychnoe parvo kazakhov v XVI-II-pervoi polovine XIX veka* [Customary law of Kazakhs in the eighteenth and first half of the nineteenth century]. Nauka [Science].
13. **Stasevich, I. V.** (2008a). “Devotchka, devushka, zhenchina v tradicionnom obshestve kazakhov. Specifika vospitaniya i mesto v socialnoy structure [Girl, young women, older woman in the traditional Kazakh society. The specifics of education and place (status) in the social structure]” in Resvan M. E. (ed) *Centralnaya Azia: Tradiciya v usloviyah peregmen- Vypusk II*. [Central Asia: Tradition in Change. Issue II]. МАЭ РАН [MAE RAS].
14. **Levshin, A. I.** (1832). *Opisanie kirgiz-kazachih ili kirgiz-kaisazkih ord i stepei, chast 3* [Description of Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-Kaisak hordes and steppes, part 3]. Tipografiya Karla Kraiy [Carl Kraya Printing House].
15. **Balluzek, L. F.** (1948). “Materialy po kazakhskomu obychnomu pravu” [Kazakh Customary Law] in S. Yushkov (ed), *Kollekziya materialov po kazakhskomu obychnomu pravu* [Collection of materials of Kazakh Customary law]. Izdatelstvo Akademii nauk Kazakhskoi SSR [Publishing house of Academy of Sciences Kazakh SSR].
16. **Kabakova, M.** (n.d.). “Cennosti i tradicii sovremennoy kazakhskoi semyi” [Values and traditions of the modern Kazakh family]. National Digital History portal. <http://e-history.kz/ru/contents/view/440> accessed 10 October 2017.
17. **Makovetskii, P. E.** (1948). “Materialy po kazakhskomu obychnomu pravu” [Materials of Kazakh Customary Law] in S. Yushkov (ed), *Kollekziya materialov po kazakhskomu obychnomu pravu* [Collection of materials of Kazakh Customary law]. Izdatelstvo Akademii nauk Kazakhskoi SSR [Publishing house of Academy of Sciences Kazakh SSR].
18. **Conquest, R.** (1986). *The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine*. London: Hutchinson.
19. **Ualieva, S.** (2014). *Semeino-brachnye otnosheniya naseleniya Kazakhstana na rubezhe vekov: istoriko-demographicheskii aspekt* [Family and marriage relations of the population of Kazakhstan at the turn of the century: historical and demographic aspect]. LAP LAMBERT Academic Publishing.
20. **Atusheva, S. B.** (2000). *Dzhuty v Kazakhstane v konce XIX- nachale XX vv* [Dzuts in Kazakhstan in the late XIX-early XX centuries]. Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk [Abstract of the dissertation for the degree of candidate of historical sciences (postgraduate study)]. Almaty. <http://cheloveknauka.com/dzhuty-v-kazakhstane-v-kontse-xix-nachale-xx-vv> accessed on 11 November 2022.
21. **Sabol, S.** (2016). *The Touch of Civilization: Comparing American and Russian Internal Colonization*. Boulder, Colorado: University Press of Colorado.
22. **Ruthchild, R.** (1983). “Sisterhood and Socialism: The Soviet Feminist Movement.” *Frontiers* (Boulder), 7(2), 4–12. doi:10.2307/3346279.
23. **Harwin, J.** (1996). *Children of the Russian State: 1917-95*. Aldershot: Avebury.
24. National Digital History portal. ‘Evacuation of the Soviet population to Kazakhstan’. <http://e-history.kz/en/contents/view/1656> accessed 07 November 2017.
25. **Abylkhozhin, Z. B., Kozybayev, M. K., & Tatimov, M. B.** (1989). “Kazakhstanskaya tragediya. [The Tragedy of Kazakhstan].” *Voprosy Istorii*, 53(7), 53–71.
26. **Ohayon, I.** (2013). ‘The Kazakh Famine: The Beginnings of Sedentarization’. *SciencesPro*, September 28. <https://www.sciencespo.fr/mass-violence-war-massacre-resistance/en/document/kazakh-faminebeginnings-sedentarization>.
27. **Atabaki, T., & Mehendale, S.** (Eds.). (2004). *Central Asia and the Caucasus: transnationalism and diaspora*. Routledge.
28. “ALZHIR”, ‘ALZHIR” camp history’. <http://museum-alzhir.kz/en/aboutmuseum/alzhir-camp-history> accessed 07 November 2017. The Museum and memorial complex of political repressions and totalitarianism victims.
29. **Ford, P.** (2017). “Dark Tourism in Kazakhstan’s Gulag Heartland. Under the USSR, Kazakhstan hosted a sprawling network of prison camps that housed millions of prisoners.” *The Diplomat*, May 25. <https://thediplomat.com/2017/05/dark-tourism-in-kazakhstans-gulag-heartland/>.
30. **Stone, A. B.** (2012). “Growing Up Soviet? The Orphans of Stalin’s Revolution and Understanding the Soviet Self.” PhD diss., University of Washington.
31. **Walker, G.** (2011). “Postcommunist Deinstitutionalization of Children With Disabilities in Romania.” *Journal of Disability Policy Studies*, 22(3), 150–159. doi:10.1177/1044207311394853.
32. Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan, Bureau of National Statistics. (2020). “The number of children by gender

- and age". <https://bala.stat.gov.kz/chislennost-detey-po-polu-i-vozrastu/> accessed 8 February.
33. **Sharipbaeva, A., Zhapparova, A., & Baytugelova, N.** (2009). *Semeinoe neblagopoluchie: prichiny i preduprezhdenie* [Family unhappiness: reasons and prevention. Manual for teachers, psychologists and all interested persons]. Ministerstvo obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan i Centre issledovaniy Sandge [Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan and Research Center 'Sange'].
  34. **Dzhandosova, Z. C., Sharipbaeva, A. E., Kudashева, T. V., Nikolaeva, O. V., Baitugelova, N. Yu., Dzhandosova, F. S., Smagulova, Sh. K., & others.** (2019). *Doklad o polozhenii detey v Respublike Kazakhstan v 2018 godu* [Report on the situation of children in the Republic of Kazakhstan in 2018]. Committee for the Protection of Children's Rights of Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.
  35. **Putz, C.** (2019). "Nazarbayev Fired the Kazakh Government. The Kazakh president told his government to resign following public protests in the capital in recent weeks." *The Diplomat*, February 22. <https://thediplomat.com/2019/02/nazarbayev-fired-the-kazakh-government/>.
  36. **Stasevich, I. V.** (2008b). "Brak i semya u kazakhov v konce XIX-nachale XXI v. Vremya i tradiciya [Marriage and family of Kazakh in the late XIX-early XXI century. Time and Tradition]" in Rahmanov R. R. and Rezvan M. E. (eds) in *Rahman-name: sbornik statei k 70-letiyu Rahmana Rahimova* [Rakhmat-name: collection of articles on the 70th anniversary of Rakhmat Rakhimovich Rakhimov]. МАЭ РАН [MAE RAS].
  37. The Committee for the Protection of Children's Rights. (2019). *Osnovnye itogi v sphere ohrany prav detei za 2018 god i priority deyatelnosti na 2019 god* [Main results in the field of children's rights protection for the first half of 2019 and priorities for activities for the second half of 2019]. Ministerstvo obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan [Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan].

## Дети и институциональный уход в Казахстане: культурный и исторический контекст

**А. Мусабалинова**

Школа права, политики и социологии Университета Сассекс  
Фалмер, Брайтон, Восточный Сассекс, BN 9RH, Великобритания



**Аннотация.** Устройство детей, оставшихся без попечения родителей в институциональные учреждения в Казахстане является неизбежным результатом значительных политических, социальных и экономических изменений в казахской степи. Великий голод, политические репрессии, вынужденные миграции и Вторая мировая война, которые имели место в первой половине прошлого века, породили явление, неизвестное казахскому кочевому народу до его включения в состав Советского Союза – большое количество беспризорных детей. В данной статье исследуются культурные и исторические предпосылки институционализации детей в Казахстане в три различных периода времени: до, во время и после распада Советского Союза. Социальная конструкция такого феномена как беспризорные дети в Казахстане заняла около века. Прослеживая и сравнивая особенности каждого периода, мы можем выявить уникальные причины, которые привели к институционализации детей в Казахстане, а затем к их де-институционализации. Кочевое прошлое и социальная организация казахского общества в соответствии с разделением согласно принадлежности к определенному племени и Жүзу, может послужить дополнительной ролью в де-институционализации детей в Казахстане и развитии семейных форм устройства детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей.



**Ключевые слова:** Казахстан, племя, кочевники, дети-сироты, институциональный уход, де-институционализация

## Қазақстандағы балалар және институционалдық күтім: мәдени және тарихи негіз

### А. Мусабалинова

Сассекс университетінің құқық, саясат және әлеуметтану мектебі  
Фалмер, Брайтон, Шығыс Сассекс, BN 9RH, Ұлыбритания



**Аңдапта.** Қазақстандағы институционалдық мекемелерге ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру қазақ даласындағы елеулі саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістердің нәтижесі болып табылатындығы сөзсіз. Өткен ғасырдың бірінші жартысында орын алған ұлы ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, мәжбүрлі көші-қон, сонымен қатар екінші дүниежүзілік соғыс секілді тарихи кезеңдер қазақ көшпелі халқында Кеңес Одағының құрамына енгенге дейін белгісіз құбылысты – қараусыз қалған балалардың көп санын тудырды. Бұл мақалада үш түрлі уақыт кезеңінде: Кеңес Одағы ыдырағанға дейін, оның барысында және Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстандағы балаларды институционализациялаудың мәдени және тарихи алғышарттары зерделенеді. Қазақстандағы қараусыз қалған балалар секілді құбылыстың әлеуметтік құрылысы шамамен бір ғасыр уақытқа созылды. Әр кезеңнің ерекшеліктерін қадағалап және салыстыра отырып, біз Қазақстандағы балаларды институционализациялауға, содан кейін оларды де-институционализациялауға алып келген бірегей себептерді анықтай аламыз. Қазақ қоғамының белгілі бір тайпаға және жүзге тиесілілігі бойынша бөлінуіне байланысты көшпелі өткені мен әлеуметтік ұйымдасуы Қазақстандағы балаларды де-институционализациялауда және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың отбасылық нысандарын дамытуда қосымша рөл атқара алады.



**Кілтті сөздер:** Қазақстан, тайпа, көшпенділер, жетімдер, институционалдық күтім, де-институционализация

*Material received on 25.08.2023*

# 4

## Арнайы және инклюзивті білім беру Специальное и инклюзивное образование Special and inclusive education

FTAMP 14.15.01

DOI 10.59941/2960-0642-2023-3-182-191

### **ҚР білім беру ұйымдарында инклюзивті практика жағдайында педагогтердің рефлексивті құзыреттері: зерттеу нәтижелері және дамыту жолдары**

Л. А. Бутабаева<sup>1</sup>, А. Н. Умирбекова<sup>2</sup>, С. К. Исмагулова<sup>3</sup>, А. Қ. Жүсіп<sup>\*4</sup>

<sup>1,2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

<sup>3,4</sup>Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ., Қазақстан Республикасы

\*e-mail: zhussipaidana@gmail.com



**Аңдатпа.** Қазіргі таңда педагогтердің рефлексивті құзыреттерін дамыту мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Педагогтің аталған дағдыларға ие болуы күтілетін нәтижелерді тұжырымдауға, жұмыстың қол жеткізілген мақсаттарын дұрыс ұғынуға, педагогтің өз даму траекториясын анықтап, оған түзетулер енгізуге, кәсіби және тұлғалық кемелденуіне ықпал етеді. Бұл өз алдына білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін жайлы қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуі тиіс. Мұндайда педагогтердің рефлексивті дағдыларын барлық балалардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескеру тұрғысынан қарастыру өзекті. Берілген мақалада авторлар ұжымымен педагогтердің инклюзивті ортада жұмыс істеуге дайындығын зерделеуге бағытталған зерттеу нәтижелері және сәйкесінше педагогтерге рефлексивті құзыреттерді дамыту жолдары ұсынылған. Атап айтсақ, мақалада педагогтерге инклюзивті ортада рефлексивті құзыреттерді дамыту бойынша ұсынымдар ретінде шетелдік ғалымдармен әзірленген инклюзивті жағдайда рефлексивті оқытудың бес ерекшелігі, инклюзивті білім берудегі кәсіби шеберліктің үш негізгі элементі, рефлексия циклінің негізгі кезеңдері жөнінде қысқаша ақпарат берілген. Аталған ұсынымдар педагогтердің оқу процесін барлық балалардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып құруына оң ықпал ететінін атап өткен жөн.



**Кілтті сөздер:** ерекше білім беруді қажет ететін балалар, инклюзивті білім беру, инклюзивті практика, рефлексивті құзыреттер, дағды.



**Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:**

Бутабаева, Л. А., Умирбекова, А. Н., Исмагулова, С. К., Жүсіп, А. Қ. ҚР білім беру ұйымдарында инклюзивті практика жағдайында педагогтердің рефлексивті құзыреттері: зерттеу нәтижелері және дамыту жолдары [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №3. – Б. 182-191



## Кіріспе

Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамыту процестері уақыт талабымен және еліміздің барлық азаматтарына сапалы білім мен өз қабілеттерін іске асыруына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік саясат басымдығымен белгіленген [1-4].

Осы тұста мемлекеттің инклюзивті саясатын жүзеге асыру үшін әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытуға қажетті барлық дағдыларға ие, елімізде болып жатқан әлеуметтік-педагогикалық процестердің мәнін түсінетін, концептуалды ойлай алатын педагогтерді даярлау қажеттілігі туындайды. Барлық дағдылардың ішінде рефлексивті іс-әрекет дағдысын ерекше атап өту қажет. Себебі қазіргі заманғы мектепте білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуде педагогтердің өз қызметіне үнемі талдау жасай білуі маңызды.

Рефлексия заманауи педагогтің кәсіби іс-әрекетінің құралы болып табылады, оның жетістікке жетуін қамтамасыз етеді. Өйткені әрбір педагог кәсіби саладағы өзгерістерге бейімделе білуі керек. Ол үшін өзін және қоршаған әлемді түсінуден, өзін-өзі жетілдіруге дайын болудан тұратын өзін-өзі бағалау дағдыларына ие болуы керек. Бүгінгі таңда педагогтің қызметі білім берумен шектелмейтінін, басты миссиясы – адамнан жеке тұлға қалыптастыру екенін мойындау керек.

Бүгінде педагогикалық рефлексия *«педагогтің негізгі практикалық функцияларына кірмейтін «қосымша функция»* деген қате түсінік қалыптасқан. Өз қызметіне тұрақты талдаусыз, интроспекциясыз педагог тәжірибеде туындайтын мәселелерді терең біле алмайды, оларды шешу жолдарын дұрыс таңдай алмайды, алынған нәтижелерді сыни тұрғыдан бағаламайды және түзетпейді. Сонымен қатар рефлексия ойлаудың «өзімшілдігін», яғни, зерттелетін объектіні тек бір стереотиптік тұрғыдан қарастыруды жеңуге, өз іс-әрекетіне басқа қырдан қарап, әртүрлі көзқарастарды ескеру-

ге көмектеседі. Өз әрекетіне рефлексия жасайтын педагог өз тәжірибесін басқа педагогтердің тәжірибесімен және педагогикалық ғылымның жетістіктерімен байланыстырып, нәтижесінде өз білімін жетілдіре түседі.

Инклюзивті білім беру ортасын құру жағдайындағы педагогтің рефлексивті қызметі өзінің кәсіби проблемаларын көре білу, оны өзінің ішкі ресурстары есебінен өзгерте білу, өз таңдауын дербес жүзеге асыра білу, өз шешімдері үшін жауапкершілік ала білу қабілеттерін дамытады. Сондықтан педагогтің қызметіндегі рефлексияны дамыту бірінші кезектегі міндет болуы керек, өйткені бұл оған нәтижелерді тұжырымдауға, жұмыстың келесі мақсаттарын жоспарлауға, өзінің кәсіби жолын жобалауға көмектеседі.

Табысты білім алушыны тек табысты педагог ғана тәрбиелей алатыны сөзсіз. Барлық мақсаттарға педагогтердің теориялық-әдістемелік дайындығынсыз қол жеткізу мүмкін емес. Сол себепті сыни ойлай білетін, шығармашылықпен айналысатын, ғылым мен педагогикалық тәжірибе жетістіктерін қолдану арқылы өз іс-әрекетінің мазмұнын жаңартуға қабілетті педагогті қалыптастыру өзекті мәселе болып отыр. Әсіресе, оның маңыздылығы инклюзивті ортада – әртүрлі жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс барысында күшейе түседі.

## Материалдар мен әдістер

Аталған мәселеге байланысты ағымдағы жылы Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Инклюзивті білім беру орталығы қызметкерлерімен педагогтердің инклюзивті ортада оқу процесін тиімді жоспарлауы, өз қызметін зерделей және талдай білуі үшін «Инклюзивті білім беру ортасында педагогтер мен мамандардың рефлексивті құзыреттерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар» әзірленді. Ұсынымдарды әзірлеу барысында инклюзивті білім беру ортасында педагогтердің рефлексивті құзыреттерінің мазмұны мен құрылымын теориялық не-

гіздеу, аталған мәселе бойынша халықаралық және отандық тәжірибені зерделеу жүзеге асты, сондай-ақ талдау нәтижелері бойынша еліміздің педагогтеріне инклюзивті ортада рефлексивті құзыреттерді дамыту бойынша тиісті әдістемелік ұсынымдар берілді [5].

Отандық және шетелдік тәжірибені зерделеу барысында инклюзивті жағдайда педагогтердің рефлексивті құзыреттіліктері бойынша зерттеулердің аздығы анықталды. Бұл жөнінде британдық ғалым М. Минот өзінің «Рефлексивті оқыту, инклюзивті оқыту және инклюзивті жағдайда білім беретін сыныптағы педагогтің міндеттері: әдеби зерттеу» мақаласында атап өтеді [6]. Автордың пікірінше, рефлексивті оқыту мен инклюзивті оқытудың маңыздылығына қарамастан, екеуін анық түрде байланыстыратын және инклюзивті оқытудағы рефлексияның рөлін көрсететін жұмыстар көп емес. Рефлексиялық құзыреттілік пен инклюзивті оқыту арасындағы байланысты табу үшін автор «рефлексивті оқыту», «инклюзивті педагогика», «инклюзивті оқыту», «рефлексия», т.с.с. тірек сөздер арқылы рейтингісі жоғары халықаралық ресурстардан 300-ден астам мақаланы зерделеп, нәтижесінде тек екі мақалада ғана аталған мәселелердің ортақ қарастырылғанын анықтаған.

Отандық еңбектердің ішінде инклюзивті білім беру ортасында жұмыс істеу үшін қажетті педагогтердің рефлексивті құзыреттіліктерін дамыту мәселелері бойынша И.А. Оралканованың «Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге бастауыш сынып мұғалімдерінің дайындығын қалыптастыру» тақырыбында философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертациялық жұмысын атап өтуге болады [7]. Автор бастауыш сынып педагогтерінің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыру мәселелерін зерттеді. Сондай-ақ отандық әдебиеттерді зерделеу барысында инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге педагог кадрларды даярлау мәселелері бойынша отандық еңбектер жеткілікті болғанымен, оның ішінде рефлексивті құзыреттілік-

терді дамыту бойынша еңбектердің аздығы анықталды.

Аталған мәселенің өзектілігіне байланысты ұсынымдарды әзірлеу барысында еліміздің педагогтерінің барлық білім алушыларға жайлы білім беру ортасын құруда өз кәсіби құзыреттіліктеріне қаншалықты сенімді екендігін анықтау бойынша зерттеу жүргізілді. Мұндайда барлық этикалық қағидаларды ескере отырып, Инклюзивті практикада педагогтердің тиімділігін анықтау құралы (TEIP шкаласы) пайдаланылды [8]. Зерттеуге еліміздің әр өңірінен 440 педагог қатысты. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің жалпы портретін құрайтын болсақ, қатысушылардың басым бөлігі қалалық мектепте жұмыс істейтін, жұмыс өтілі 26 және одан да көп жылды құрайтын педагогтер құрады. Зерттеудің мақсатты аудиториясын жалпы білім беретін мектеп әкімшілігі, педагогтері, мамандары құрады. Зерттеу жүргізу үшін Google Forms сервисі пайдаланылды.

## Нәтижелер

Зерттеу кейбір нәтижелеріне тоқталып өтер болсақ, респонденттердің жартысы ғана (49%) *сабақтағы тәртіпсіз мінез-құлықтың алдын алуға толық сенімді екендігін*, үштен бірі ғана (68%) *тәртіпсіз мінез-құлық орын алған жағдайда оны басқара алатындығын* білдірді. Бұл көрсеткіштерден педагогтердің көбі тәртіпсіз мінез-құлықтың алдын алуға тырысып, білім алушылардың мінез-құлқын диагностикалап, талдау жұмыстарын жүргізгеннен гөрі, жағдай орын алған уақытта ғана бағдарлануды жөн көреді деген қорытынды жасауға болады. Мұның басты себептерінің бірі педагогтердің рефлексивті құзыреттіліктерін, психологиялық дағдыларын дамытудың жеткіліксіздігі, заманауи шындыққа сәйкес инновациялық педагогикалық әдістерді іс жүзінде қолдана алмау болуы мүмкін.

Сонымен қатар респонденттердің тек жартысы ғана (49%) *мінез-құлқында қиындықтары бар балалармен жұмыс істегенде өздерін сенімді сезінетіндерін*

білдірді. Демек, педагогтер өздерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру бойынша жұмыс істеуі керек, әсіресе педагогтердің инклюзивті ортада жұмыс істеуге психологиялық дайындығы болуы керек.

«Білім алушылар тапсырманы қалай орындау керектігін білмейтін жағдайда балама түсініктеме немесе мысал келтіре аламын» тұжырымына жауап нәтижелері басқа тұжырымдармен салыстырғанда педагогтердің өз құзыреттеріне үлкен сенімділік танытқанын көрсетті (78%). Мұның себебі инклюзивті практикада әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар

балаларды оқу ортасына толық қосу үшін педагогтің білім алушылардың мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне сәйкес жеке білім беру бағытын құратындығымен түсіндіріледі. Осылайша, рефлексиялық құзыреттіліктің қалыптасу дәрежесі педагогтің кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін өзінің барлық басқа қасиеттерін үйлестіре және біріктіре алатынынан көрінеді деген қорытынды жасауға болады (1-сурет). Педагогтердің инклюзивті ортада жұмыс істеуге дайындығын зерделеуге бағытталған зерттеу нәтижелерімен толығырақ аталып өткен әдістемелік ұсынымдардан танысуға болады [5].

Сабақтағы тәртіпсіз мінез-құлықтың алдын ала аламын

49%



Тәртіпсіз мінез-құлық орын алған жағдайда она басқара аламын

68%



Мінез-құлық қиындықтары бар балармен жұмыс істегенде өзіме сенімдімін

49%



Білім алушылар тапсырманы қалай орындау керектігін білмейтін жағдайда балама түсініктеме немесе мысал келтіре алмаймын

78%



● келісемін

### 1-сурет. Сауалнама сұрақтарына респонденттер жауаптарының көрсеткіштері

Зерттеу нәтижелері қазіргі педагогтің дамыған кәсіби рефлексияға ие болуы керектігін өзектендіреді. Өйткені бұл білім беру процесінің қайшылықтарын көруге, оларды шешуге шығармашылықпен қарауға, өз іс-әрекеттерін сыни тұрғыдан түсінуге және инновациялық шешімдерді

іздеуге және жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Заманауи рефлексивті білім беру технологияларын игермеген педагог өз білім алушыларының рефлексивті қабілеттерін дамыта алмайды, білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін тани, анықтай алмайды.

## Талқылау

Аталған мәселелерге байланысты еліміздің педагогтеріне инклюзивті білім беру жағдайында рефлексивті құзыреттерді дамыту бойынша көптеген ұсы-


нымдар берілді. Оның ішінде британдық ғалым М. Минот педагогтерге пайдалануға кеңес берген ерекше қажеттілігі бар балаларға білім беруде рефлексивті оқытудың бес ерекшелігін атап өтуге болады [6]:

### 1-кесте – Инклюзивті жағдайда рефлексивті оқытудың бес ерекшелігі

Ерекшелік	Сипаттамасы
1. Білім алушылардың қиындықтарын қолдау үшін сабақты мұқият қарастыра, ойластыра білу	Инклюзивті жағдайда білім беретін сыныпта педагог назарды кімді оқыту керектігіне емес, қалай оқыту керектігіне, қосымша қажеттіліктері бар білім алушыларға ғана емес, барлық білім алушыларға аударады. Педагог сондай-ақ сыныптағы жағдайды ескереді және кері байланыс жасайды. Мұның бәрі білім алушыларды оқыту процесінде кезігетін қиындықтарда қолдау үшін жасалады
2. Өз жұмысында жетекшілікке алатын жеке болжамдарға, құндылықтарға және сенімдерге күмән келтіре білу, кей жағдайларда бас тарта білу	Инклюзивті жағдайда білім беруде өз ұстанымдарын зерделеп, талдап, олардың кейбірінен бас тарта білу маңызды. Мұндайда барлық балалардың бірдей жетістікке жетіп, білім ала алатынына сену керек
3. Білім беру процесінде өз интуициясын, инициативаларын, құндылықтарын және тәжірибесін пайдалана білу	Инклюзивті білім беру инициатива танытуды және түйсікке жүгінуді болжайды. Бұл инклюзивті білім берудің өзінің шығармашылық тәсілді қажет ететіндігімен түсіндіріледі. Мұндайда барлық білім алушыларды қолдау үшін педагог үнемі жаңа нәрсені іздеп, байқап көруі керек. Кері байланыс алу үшін әріптестерімен кез келген жаңа бастамаларды талқылаулары қажет
4. Өзгерістерге қатысу және бастамашылық ету	Жұмыстың жаңа тәсілдерін іздеу және сынау, оқытудың әртүрлі стратегияларымен серіктестік орнату инклюзивті білім беру кеңістігін құруда маңызды. Педагогтің инклюзивті білім беру жағдайындағы міндеті сыныптағы келеңсіздіктерді шеше алуында және сәйкесінше өзін сыныпта инклюзивті білім беру жағдайын құруға ықпал ететін өзгерістер мен дамуға тартуында
5. Журнал жүргізу	Автор журнал жүргізуді инклюзивті жағдайда білім беретін сыныпта білім алушылардың прогресін қадағалауға мүмкіндік беретін пайдалы құрал болуымен қатар, педагогтің өз тәжірибесін тыңғылықты талдауға мүмкіндік беретін құрал ретінде қарастырады

Инклюзивті білім беру барлық педагогикалық ұжымға қатысты. Сәйкесінше, әртүрлілік мәселелеріне жауап беру жеке қарастырылатын екінші кезектегі мәселе емес. Ол педагогикалық тәжірибенің орталық императивіне айналуы тиіс. Инклюзивті ортада педагогтердің рефлексивті құзыреттерін дамытуда Арнайы қажеттіліктер және инклюзивті білім беру бойынша еуропалық агенттіктің

инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердің негізгі кәсіби құзыреттіліктері бойынша әзірлеген шеңберін атап өткен жөн. Аталған еңбекте инклюзивті білім берудегі кәсіби шеберліктің үш негізгі элементі көрсетіледі [9]. Осы үш элементті өзара байланыста сақтау педагогтерге барша білім алушыларға сапалы білім беруге айтарлықтай ықпал етеді.



2-сурет. Кәсіби шеберліктің үш өзара байланысты элементі

Мұндайда білуші (бас) ретінде «Оқыту стратегиялары қандай?», «Балалар қалай білім алады?», «Нені үйренулері тиіс?», «Қажет болған жағдайда көмекті қайдан алуға болады?», «Қиындықтарды қалай анықтап, бағалау қажет?», «Балаларды қалай бағалаған жөн?» секілді сұрақтарға жауап бере білу маңызды.

Істеуші (қол) ретінде жоғарыдағы сұрақтарға жауапты әрекетке айналдыру, мұндайда рефлексивті практиканы ұстану, ұжыммен және ата-аналармен жұмыс істеу, белсенді маманға айнала білу маңызды.

Сенуші (жүрек) ретінде барлық балалардың білім ала алатынын, педагогтің кез келген баланың өмірін жақсы жаққа өзгерте алатынын, оқыту үшін көптеген мүмкіндіктер жасай алатынын, бұл тек арнайы мамандардың ғана емес, бар-

лық педагогтердің міндеті екенін түсінуі маңызды.

Және мұндайда үш элементтің бір-бірімен тығыз байланысты екенін ескеру шарт. Педагогтердің көзқарасы оң болса және барлық балалар оқи алады деп сенсе, инклюзивті тәжірибеге көбірек қатысады. Сол секілді педагогтер инклюзия туралы білімді тәжірибеде қолдану үшін қажетті педагогикалық дағдыларға ие болса, барлық балалар оқи алады деп сенеді. Осы элементтердің біреуін ғана орнату жеткіліксіз. Мысалы, жеке айырмашылықтар туралы білім секілді элементтер еленбесе, әлеуметтік әділеттілікке ұмтылу жеткіліксіз [9].

Сол себепті қазіргі жағдайда педагог барша білім алушыларға сапалы білімді қамтамасыз етуі үшін, табысты және сұранысқа ие болу үшін кез келген өзгерістер-

ге дайын болуы керек, жаңа жағдайларға тез және тиімді бейімделе білуі керек, білімі мен дағдыларын үнемі жаңартып отыруы керек, өзін-өзі дамытуға ұмтылуы керек, белгісіздікке төзімділік танытып, тәуекелге дайын болуы керек, яғни, кәсіби құзыретті болуы керек.

Инклюзивті білім беру жағдайында рефлексивті құзыреттерді дамыту жолдары ретінде ұсынылған ұсынымдардың қатарында 1988 жылы Оксфорд политехникалық институтында Грэм Гиббспен әзірленген рефлексия циклін атап өту маңызды [10]. Бұл бүгінгі таңдағы рефлексия бойынша ең кеңінен таралған және қабылданған модель болып табылады. Тәжірибенің қайталанатын циклдық сипатына негізделген бұл модель 6 кезеңді қамтиды:

**1. Тәжірибені сипаттаңыз.** Өткен тәжірибе жөнінде баяндаңыз. «Не болды?», «Кім қатысты?», «Қашан және қай жерде болды?», «Сіз не істедіңіз?», «Басқалар не істеді?» секілді сұрақтарға жауап беріңіз.

**2. Нені сезіндіңіз және не ойлайсыз.** Тәжірибеге қатысты өзіңіздің эмоциялық реакцияңызды бақылаңыз. Жағымды эмоциямен қатар жағымсыз эмоцияны да ескеру маңызды. Себебі олардың барлығы жағдайды дұрыс түсінуге ықпал етеді. Мұндайда «Сіз бұл жағдайда не сезіндіңіз?», «Осы жағдайға қатысқан басқа адамдар не сезінді деп ойлайсыз?», «Бұл жағдай туралы қазір не ойлайсыз?» секілді сұрақтарға жауап берген маңызды.

**3. Тәжірибені бағалаңыз.** Бұл жерде де оң және теріс баға берген маңызды. Нені дұрыс, нені бұрыс жасадыңыз. Ненің әсері оң немесе, керісінше, теріс болды. Сонымен қатар «Сіз және басқа да адамдар бұл жағдайға қандай үлес қосты?» секілді сұраққа да жауап берген маңызды.

**4. Талдау жасаңыз.** Жағдай неге дәл осылай орын алғанын түсінуге тырысыңыз. Мұндай жағдайда сіз өзіңіздің кәсіби біліміңізге сүйенесіз. Ол үшін өзіңізге «Қандай білім (мысалы, ғылыми әдебиет) маған бұл жағдайды шешуге көмек-

тесіп, бағыт-бағдар бере алады?» секілді сұрақты қойған жөн.

**5. Қорытынды шығарыңыз.** «Нені басқаша істер едіңіз?», «Бұл тәжірибе сізге нені үйретті?», «Бұл жағдайды барлық қатысушылар үшін қалай жақсартуға болар еді?» және «Мұндай жағдайда дұрыс әрекет ету үшін қандай дағдыларды дамыту қажет?» деген секілді сұрақтарға жауап беріп көріңіз.

**6. Жоспар құрыңыз.** Дәл осындай жағдайда болашақта қалай әрекет ететініңіз жөнінде толыққанды сипаттамамен жоспар құрыңыз. «Өзіме қажетті дағдыларды қалай дамытамын?», «Дәл осындай жағдай орын алғанда басқаша әрекет ететініме қалай көз жеткізсем болады?» секілді сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз.

Гиббстің бұл рефлексия циклі педагогке өткен сабақты қайта пысықтауға мүмкіндік береді. Циклдің әрбір кезеңі педагогті сыни ойлауға итермелейді. Мәселен, жоғарыда аталған зерттеу нәтижесіндегі сыныптағы орын алған тәртіпсіз мінез-құлыққа қатысты төмен көрсеткіштер осы секілді модельді қолдану қажеттілігін айғақтайды. Мысалға, сыныпты басқару стратегиясында осы модельді қолдану негізінде барлық негативті аспектілерді анықтап, практикада оң өзгерістерге алып келетін жоспар құруға болады. Бұл сәйкесінше педагогтің қызметіндегі күшті және әлсіз тұстарды анықтауға, сындарлы кері байланыс құруға және өзін-өзі жетілдіруге, нәтижесінде тұлғалық және кәсіби дамуға алып келеді. Инклюзивті жағдайда бұл модельдің артықшылығы эмоциялық интеллектіні дамытып, педагогтің өз сезімдерін зерделенуіне, білім алушылардың әртүрлі ерекшеліктерін ескере отырып, эмоцияларын түсініп-бақылауына, тұлғааралық қарым-қатынастардың жақсаруына алып келеді.

## Қорытынды

Бүгінгі таңда педагогтер әртүрлі білім алушылар тобының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру, сыни тұрғыдан ойлау

және мәселелерді шешу секілді ХХІ ғасырға тән дағдыларды, сондай-ақ әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды дамыту, технологиялық өзгерістерге ілесу және т.б. осы секілді күрделі міндеттерге жауап бере білуі керек. Сонымен қатар педагогтерге әріптестерімен және басқа мамандармен ынтымақтастық, серіктестік орнату, басқаруға қатысу секілді көптеген жаңа міндеттер жүктелуде. Осындай әртүрлі қойылған үміттерді қанағаттандыру үшін педагогтердің кәсіби құзыреттілігі күрделі ұғым ретінде түсінілуі керек. Мұның бәрі педагогтердің сабаққа өлшенетін мақсаттар мен міндеттер қоя білуін және сәйкесінше оқыту әдістерін таңдай білуін қажет етеді. Мұндайда педагогикалық міндеттерді шешудің тиімді жолы – педагогтің рефлексиясы. Ол күтілетін нәтижелерді тұжырымдауға, жұмыстың қол жеткізілген мақсаттарын ұғынуға, барлық балалардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескеруге, педагогтің өз даму траекториясын анықтап, оған түзетулер енгізуіне, сәйкесінше кәсіби және тұлғалық кемелденуіне ықпал ететінін ескерген жөн.

### Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ИРН АР19576707 «Оқытудың әмбебап дизайны технологиясы (UDL) арқылы болашақ педагогтердің инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру» жобасы аясында қазақстандық ғалымдар жүргізді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды [Электронды ресурсы]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)
2. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы [Электронды ресурсы]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_)
3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңы [Электрон-

ды ресурсы]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_)

4. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы N 249 қаулысы [Электронды ресурсы]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
5. Инклюзивті білім беру ортасында педагогтер мен мамандардың рефлексивті құзыреттерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар [Мәтін]. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 176 б.
6. **Minott, M.** (2019). Reflective teaching, inclusive teaching and the teacher's tasks in the inclusive classroom: a literary investigation. *British Journal of Special Education*. doi:10.1111/1467-8578.12260
7. **Оралканова, И. А.** Формирование готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования [Текст]: дис. ... докт. философии (PhD). – Алматы, 2014. – 210 с.
8. **Sharma, U., Loreman, T. and Forlin, C.** (2012), Measuring teacher efficacy to implement inclusive practices. *Journal of Research in Special Educational Needs*, 12: 12-21. <https://doi.org/10.1111/j.1471-3802.2011.01200.x>
9. European Agency for Special Needs and Inclusive Education, 2021. *Aligning Competence Frameworks for Teacher Professional Learning for Inclusion: Conceptual Working Paper*. (L. Florian, ed.). Odense, Denmark. URL: [https://www.european.gency.org/sites/default/files/Aligning%20Competence%20Frameworks%20for%20Teacher%20Professional%20Learning%20for%20Inclusion\\_0.pdf](https://www.european.gency.org/sites/default/files/Aligning%20Competence%20Frameworks%20for%20Teacher%20Professional%20Learning%20for%20Inclusion_0.pdf)
10. **Gibbs, G** (1988). *Learning by Doing: A guide to teaching and learning methods*. Further Education Unit. Oxford Polytechnic: Oxford. URL: [https://books.google.kz/books/about/Learning\\_by\\_Doing.html?id=z2CxAAAACAAJ&redir\\_esc=y](https://books.google.kz/books/about/Learning_by_Doing.html?id=z2CxAAAACAAJ&redir_esc=y)

### References

1. Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusiasy. Konstitusia 1995 jyly 30 tamyzda respublikalyq referendumda qabyldandy [Constitution Of The Republic Of Kazakhstan. The Constitution was adopted in a republican referendum on August 30, 1995] [Elektronnyy resurs]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)
2. «Qazaqstan Respublikasyndaǵy balanyñ qúyqqtary turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ 2002 jylǵy 8 tamyzdaǵy N 345 Zańy [Law of the Republic of Kazakhstan dated August 8, 2002 No. 345 "On the rights of the child in the Republic of Kazakhstan"] [Elektronnyy resurs]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_)

3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілддегі № 319 Заңы [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 27, 2007 No. 319 "On education"] [Elektronды resurs]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_)
4. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 No. 249 on approval of the concept for the development of preschool, secondary, technical and vocational education in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029] [Elektronды resurs]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
5. Инклюзивті білім беру ортасында педагогтер мен мамандардың рефлексивті құзыреттерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынғандар [Methodological recommendations for the development of reflective competencies of teachers and specialists in an inclusive education environment] [Мәтін]. – Астана: Ү. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 176 б.
6. **Minott, M.** (2019). Reflective teaching, inclusive teaching and the teacher's tasks in the inclusive classroom: a literary investigation. *British Journal of Special Education*. doi:10.1111/1467-8578.12260
7. **Oralkanova, I. A.** Formirovanie gotovnosti uchitelej nachal'nyh klassov k rabote v uslovijah inkljuzivnogo obrazovanija: dis. ... dokt.filosofii (PhD) [Formation of readiness of primary school teachers to work in inclusive education] [Текст]. – Алматы, 2014. – 210 с.
8. **Sharma, U., Loreman, T. and Forlin, C.** (2012), Measuring teacher efficacy to implement inclusive practices. *Journal of Research in Special Educational Needs*, 12: 12-21. <https://doi.org/10.1111/j.1471-3802.2011.01200.x>
9. European Agency for Special Needs and Inclusive Education, 2021. *Aligning Competence Frameworks for Teacher Professional Learning for Inclusion: Conceptual Working Paper*. (L. Florian, ed.). Odense, Denmark. URL: [https://www.europeanagency.org/sites/default/files/Aligning%20Competence%20Frameworks%20for%20Teacher%20Professional%20Learning%20for%20Inclusion\\_0.pdf](https://www.europeanagency.org/sites/default/files/Aligning%20Competence%20Frameworks%20for%20Teacher%20Professional%20Learning%20for%20Inclusion_0.pdf)
10. **Gibbs, G** (1988). *Learning by Doing: A guide to teaching and learning methods*. Further Education Unit. Oxford Polytechnic: Oxford. URL: [https://books.google.kz/books/about/Learning\\_by\\_Doing.html?id=z2CxAAAACAAJ&redir\\_esc=y](https://books.google.kz/books/about/Learning_by_Doing.html?id=z2CxAAAACAAJ&redir_esc=y)

## Рефлексивные компетенции педагогов в условиях инклюзивной практики в организациях образования РК: результаты исследования и пути развития

Л.А. Бутабаева<sup>1</sup>, А. Н. Умирбекова<sup>2</sup>, С.К. Исмагулова<sup>3</sup>, А.К. Жусип<sup>\*4</sup>

<sup>1,2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

г. Алматы, Республика Казахстан

<sup>3,4</sup>Национальная академия образования имени И. Алтынсарина,

г. Астана, Республика Казахстан



